



КАРАНТИН

**АУЫРҒАНДАРДЫҢ
76 ПАЙЫЗЫ
ЕМДЕЛІП ШЫҚТЫ**

5-БЕТТЕ



АБАЙ – 175

**АБАЙ
ТАҒЫЛЫМЫ**

6-БЕТТЕ



РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ

**КІРМЕ ӘРІПТЕР
ТІЛ БҰЗАДЫ**

8-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA



№93 (4062) | Сенбі | 8 тамыз 2020 жыл

AQSHAMY



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов пен Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаевты қабылдады.

«Самұрық-Қазына» қорының басшысы пандемиямен күрес кезіндегі жағдайды, қордың наурыз айында дәрігерлерге, полиция және әлеуметтік сала қызметкерлері үшін 6 миллион бетперде алуға қаржы бөлгенін айтты. Денсаулық сақтау министрлігімен бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде қор қаржысына 100 жедел жәрдем көлігі, 1000 оттегі концентраторы, 50 өкпені жасанды желдету аппараты, 1000 пульстік оксиметр және 3000 вирусқа қарсы «Авифавир» дәрісі сатып алынған.

Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев Мемлекет басшысы – Жоғарғы Бас қолбасшыға Қарулы күштердің әскери және жедел даярлығы, Қазақстан армиясын дамыту туралы есеп берді.



Біржолғы төлемақы алуға өтініштер қабылдау жалғасады.

7 тамыздағы мәлімет бойынша ағымдағы жылғы шілдеде шектеу шараларын енгізуге байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан біржолғы төлем тағайындауға 2 млн 480 мың азаматтан бірегей өтініш қабылданған. Төлем мөлшері ең төменгі жалақы – 42500 теңге. Бүгінге дейін төлемді 2 млн 227,1 мың қазақстандық алды, оның ішінде 2 млн 138,7 мың адам тамыз айында карантиннің ұзартылуына байланысты 0,5 ЕТЖ – 21250 теңге мөлшерінде қосымша ақы алды, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі. Өтініш қабылдау 2020 жылдың 1 қыркүйегіне дейін жалғасады.



ҚҰРЫЛЫС – ЕЛОРДА ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Астананың құрылысы қашанда қарқынды. Аумағы 79,7 мың гектарды алып жатқан Нұр-Сұлтан қаласында әр жыл сайын түрлі ғимараттар, жолдар, көпірлер салынып, ескі нысандар сүріліп, жаңа ықшам аудандар пайда болуда. Құрылысшылардың кәсіби мерекесі қарсаңында елордадағы құрылыс саласында атқарылып жатқан тың жаңалықтарды оқырман назарына ұсынуды жөн көріп отырмыз.

4

Фотто: Александр КУПРИЧЕНКО

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 495.59 \$ USD/KZT 417.87 ₸ RUB/KZT 5.7 ¥ CNY/KZT 60.19

www.astana-akshamy.kz



@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

ҚОЛЖЕТІМДІ ПӘТЕР БЕРІЛЕДІ

» Елорда әкімі Алтай Көлгінов мұғалімдер мен дәрігерлерге арнап салынып жатқан тұрғын үйдің құрылысымен танысты.



Қала басшылығы «Қазақстандық ипотекалық компаниямен» бірлесе отырып, бірқатар әлеуметтік тұрғын үй құрылысын жүзеге асыруда. Бұл үйлер сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйлердің қатарына жатады. Қолжетімді баспана мұғалімдер мен дәрігерлер арасында бөлінеді. Биыл 1 мыңға жуық пәтер беріледі.

«Абайдың 150 жылдығы, Шұғыла, Қосшығұлұлы, Торайғыров көшелерінде, Төлебаев және Шарбақты көшелерінің қиылысында және Тілендиев даңғылында орналасқан үйдің құрылысы барысымен таныстым. Бұдан басқа, кезекте тұрған (халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына), «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» салымшылары үшін тұрғын үй салу бойынша жұмыс жүріп жатыр. Келесі жылдарға бағытталған дайындық жұмыстары да басталды» деп жазды қала әкімі Instagram парақшасында.

2,2 МЛН АДАМ ТЕГІН ЕГІЛЕДІ

» Қазақстандағы 2,2 млн-нан аса адам немесе республика халқының 11,5 пайызы індетке қарсы тегін егіледі. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми өкілі Бағдат Қожахмет Facebook-тегі парақшасында жазды.

Тегін екпе жасалатындардың қатарына ауру жұқтыру қаупі жоғары санаттағылар: созылмалы ауруы барлар, жүрек-қан тамырлары және қант диабетімен ауыратындар, созылмалы өкпе ауруына шалдыққандар, 65 жастан асқандар, сондай-ақ медицина қызметкерлері жатады.

«Денсаулық сақтау министрлігі тегін егілетіндерді 20 пайызға дейін жеткізу мүмкіндіктерін қарастыруда. Яғни балалар және созылмалы

ауруымен диспансерлік тіркеуде тұрғандар, жабық мекемелердің қызметкерлері және өзге санаттағылар осыған қосылады» деп жазды Б.Қожахмет. Оның айтуынша, Қазақстан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және Жаһандық егу мен иммунизация альянсымен бірлесіп, COVAX Facility бағдарламасына мүшелікке өтті. Бұл бағдарламаға қатысушы елдер халқының 20 пайызына дейін егу үшін екпе алуға хақылы.



«ЖАҒАЛАУ-3» ЖЫЛ СОҢЫНДА ТАПСЫРЫЛАДЫ

» Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов «Жағалау-3» тұрғын үй кешенінің №30 блогындағы құрылыс барысымен танысты. Өткен жылы осы тұрғын үйдің үлескерлерімен кездесу өтіп, құрылысты аяқтау кестесі жасалған еді.



Үйдің өзі 8 жыл бұрын салына бастаған. Өз кезегінде шешілмеген мәселелері аз емес. Өйткені бұл проблемалы нысанға айналған. Қазір ол мәселелер біртіндеп шешілуде, бүгінге тұрғын үй 90 пайызға дайын. Инженерлік желілер (су, жарық, кәріз) уақытша қосалқы стансаға қосылды. Қазір қалалық қосалқы стансаға қосу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Үй жылыту маусымына дайын болады. Қасбет, лифт орнату, абаттандыру жұмыстары да жолға қойылды. Үй құрылысы

биыл аяқталып, үлескерлерге пәтер кілті жылдың соңына дейін беріледі деп жоспарлануда.

Сондай-ақ қала басшысы №28 және №29 блоктардың проблемалық мәселелерін шешуді де талқылады. №37 блок бойынша «Елорда құрылыс компаниясына» үлескерлермен кездесіп, шешім қабылдау тапсырылды. 2020 жылы барлығы 20 көппәтерлі тұрғын үй кешені пайдалануға беріледі. Бұл 8 мың үлескердің мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

» Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов бейнеконференция байланысы режимінде жетекші отандық ғалымдар мен сарапшылардың қатысуымен Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша құрылған биологиялық қауіпсіздік жөніндегі кеңестің отырысын өткізді. Кеңесте еліміздің биоқауіпсіздігіне қатысты өзекті мәселелер, осы сала бойынша жеке заң әзірлеу, халықты COVID-19-ға қарсы вакциналау, кадрлар даярлау, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жұмысын дамыту қажеттігі талқыланды.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Мәселелерді талқылау барысында ғалымдар мен сарапшылар еліміздің биоқауіпсіздігін одан әрі дамыту бойынша жүйелі шараларды әзірлеу үшін диалогтық алаң ретінде құрылған кеңестің маңыздылығын жоғары бағалады.

Білім және ғылым министрлігі биоқауіпсіздік және биотехнология саласында елімізде 12 ғылыми ұйым жұмыс істейтінін, бүгінгі таңда осы ұйымдар аса қауіпті ауруларға қарсы 68 вакцина, биологиялық препараттардың 52 түрін әзірлегенін хабарлады.

Бұл кеңес үздік әлемдік практикаларды Қазақстанға енгізу үшін беделді халықаралық ұйымдармен, биоқауіпсіздік жөніндегі зерттеу институттарымен ынтымақтастықты жолға қояды, сондай-ақ басым бағыттарды дамыту жөнінде ұсынымдар әзірлей отырып, биоқауіпсіздік саласындағы өнім өндірудің отандық на-

рығына талдау жасайды.

Премьер-министрдің орынбасары пандемия жағдайында биологиялық қауіпсіздік саласын дамытудың ерекше маңыздылығын атап өтті. «Кеңес жаңа технологияларды енгізуді, цифрландыруды, ғылыми жаңалықтарды, сондай-ақ болашақты болжайтын деректерді ескере отырып, биоқауіпсіздікті дамыту бойынша жүйелі ұсыныстар әзірлеуі тиіс. Қысқа мерзімде биоқауіпсіздік саласындағы кадрлардың қажеттілігін анықтау, қазіргі талаптарды ескере отырып, оқу бағдарламаларын өзектендіру, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің бағыттары мен тақырыптарын, олардың практикалық маңыздылығын күшейте отырып қайта қарау талап етіледі. Сонымен қатар биоқауіпсіздік мәселелерін заңнамалық тұрғыдан реттеу үшін тиісті заң жобасын әзірлеу қажет» деді Е.Тоғжанов.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Дана НҰРЖІГІТ,
Сенат депутаты:

“”

Медициналық сақтандыру қоры тек жартыжылдықтың ішінде сомасы 75,5 млн теңгеге 11607 жалған тағайындау анықтаған. Қазір еліміз үшін сын-қатерлер кезеңінде орын алған жағдай отандық денсаулық сақтау жүйесін «қайта құру» қажет емес пе деген ой салып отыр. Кінәлілерді анықтап және жазалап қана қоймай (жауапкершілікті күшейтуге қатысты айтылған мәлімдеме), сондай-ақ жүйелі кешендік шаралар қарастыру қажет. Менің ойымша, бұл жағдайда қарапайым дәрігерлерге ғана жауапкершілікті артудың қажеті жоқ. Олардың еңбегіне пандемия кезінде барлығымыз күз болдық. Бас прокуратура мен Денсаулық сақтау министрлігіне осындай жағдайларды бұдан әрі болдырмау және толығымен жою мәселелеріне қатысты нақты ұсыныстарын күтеміз.

(06.08.2020 ж. Instagram-дағы парақшасынан алынды)

» АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

■ НҰР-СҰЛТАН

Елорда мектептеріне жаңа оқулықтар таратыла бастады. Елордалық Білім басқармасы мен «Астана – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің қызметкерлері қаладағы жалпы білім беретін мектептерге оқулықтың таралуын қадағалап, көшпелі мониторинг жүргізді. Қоймада 1-11-сыныптарға арналған 19 баспаның оқулығы бар. Осы жерден барлық мектептер кестеге сәйкес оқулық береді.

■ ШЫМКЕНТ

Шымкентте Азиядағы ең ірі ату спорт кешені салынып жатыр. «Shooting Plaza» жобасы толыққанды жаттығу кезеңін ұйымдастыру және ату спорты түрлері бойынша әлем чемпионаттары секілді ірі спорттық іс-шараларды өткізу үшін барлық қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етіледі. Спорт кешені Азия аймағындағы ең ірі ату кешені болады деп жоспарланған.

■ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Ақмолалық оқушылардың 96,2 пайызының ғаламтор арқылы оқуына мүмкіндігі бар. Алдағы оқу жылына дайындық ретінде облыстағы мектептердегі 16166 дана компьютер техникасына қосымша тағы 1460 компьютер сатып алынды. Алда тағы 352 компьютер сатып алу жоспарланған. Оқушыларға арналған ғаламтор тарифтік жоспары іске қосылды.

■ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Ақтөбе облысы Ойыл ауданындағы Қаздыарал тұрағында қола дәуірінің жәдігері табылды. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі мен Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі Ш.Берсиев селолық округіндегі Қаздыарал тұрағында зерттеу жұмысын жүргізді. Табылған дүниені мамандар «ерте қола дәуіріне тән құнды жәдігер» деп бағалады.

■ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Алматы облысының ауруханалардағы төсек-орындардың 60 пайызы босады. Облыста COVID-19 инфекциясымен күреске медициналық ұйымдарда қосымша провизорлық орындар ашылған болатын. Бүгінде провизорлық орындардың 40 пайызы ғана жұмыс жасап тұр. Медициналық мекемелер 4 тамыздан бастап қалыпты жағдайдағы жұмыстарын бастады.

АРМАНДАР ОРЫНДАЛАТЫН ҚАЛА

» Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов құрылыс саласының қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

«Қаламыздағы әлеуметтік үйлер, мектептер, ауруханалар, жолдар, саябақтар мен аулалар құрылысшылардың еңбегімен салынды. Құрылыс саласы қызметкерлерінің күнделікті қажырлы еңбегінің арқасында қаламыз өсіп, одан әрі көркейіп келеді. Олар күндіз-түні, аязда да, ыстықта да жұмыс істейді. Елорданың авторы және бас сәулетшісі – Елбасы. Тұңғыш Президенттің астананы көшіру туралы шешімі – прагматизм мен көрегендіктің үлгісі. Құрылысшылар 300 мың халқы бар шағын қаланы қарқынды өсіп келе жатқан астанаға айналдырды. Қала тұрғындарының саны төрт есе өсті. Барша құрылыс саласының қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, бақыт және табыс тілеймін!» деп жазды А.Көлгінов Instagram парақшасында.



Елордамыз құрылыс секторында көшбасшы болып қала береді. Қалада жыл сайын миллиондаған шаршы метр тұрғын үй, әлеуметтік нысандар салынып жатыр. Нұр-Сұлтан – армандар

орындалатын қала. Мемлекет басшысы елорданың дамуына ерекше көңіл бөледі. Президенттің тапсырмасына сәйкес биыл қолжетімді әлеуметтік тұрғын үй құрылысының көлемі үш есе артты.

TELEGRAM-БОТ ҚҰРЫЛДЫ

» IQala қалалық қызметтер орталығының ЭЦҚ, электрондық шот-фактуралар (ЭШФ) мен ортақ есептеу орталығы (ОЕО) түбіртектерін алу сияқты ең көп талап етілетін қызметтер бойынша нұсқаулықтарды ұсыну үшін «IQalazk» Telegram-боты құрылды.

Қала әкімдігінің ресми сайты хабарлағандай, бұл орталық «Астана-АЭК» АҚ, «Астана-Теплотранзит» АҚ, «Астана су арнасы» МКК, «Clean city NC» ЖШС, «SPK Astana Development» ЖШС, «Астанаэнергосбыт» ЖШС, «Қазақтелеком» АҚ және т. б. ұйымдардың 131 қалалық қызмет түрін ұсынады.

Елорда тұрғындары www.iqala.kz порталы арқылы қызметтерді онлайн режимде ала алады. Естеріңізге сала

кетейік, IQala қалалық қызмет көрсету орталығы жұмыс күндері сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін Нұр-Сұлтан қаласы, Р.Қошқарбаев даңғылы, 29 мекенжайы бойынша жұмыс істейді. Сондай-ақ орталық операторлары «Астанаэнергосбыт» ЖШС-тің Нұр-Сұлтан қаласы, Сығанақ көшесі, 25 және Бөгенбай батыр даңғылы, 24/1 мекенжайындағы фронт-кеңселерде қызмет көрсетеді.



i Qala

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУҒА ДАЙЫНБЫЗ БА?

» Білім басқармасы мен оқу орындары директорларына мектептердің қашықтан оқытуға дайындығын қамтамасыз ету тапсырылды. Қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкеннің төрағалығымен, Білім басқармасының басшысы Шолпан Қадырова мен білім беру ұйымдары басшыларының қатысуымен жаңа оқу жылына дайындық мәселелері бойынша жиналыс өтті.



Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ

Қазақстанда алдағы оқу жылы (шалғайдағы ауыл мектептерін қоспағанда) барлық мектептерде 1-11-сыныптар қашықтан оқытылады деп жоспарлануда. Осыған орай, Б.Мәкен отырыста Білім басқармасына білім беру ұйымдарының қашықтан оқытуға және кезекші сыныптардың жұмысына дайындығын қамтамасыз ету, мектептердегі күрделі және жыл сайынғы жөндеу жұмыстарын аяқтау, тиісті актіні толтырып, білім беру ұйымдарының оқу жылының басында дайындалатын комиссиялық

қабылдауды қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонымен бірге, білім беру ұйымдары 20 тамызға дейін жылу жүйесін тестілеу бойынша жұмыстарды аяқтау, дайындық актілерін алу, кезекші сыныптар, олардағы студенттер мен оқытушылар санын анықтау үшін мониторинг жүргізу, жалпы білім беруде көмек алуға өтініштердің қабылдануын бақылау, барлық санитарлық шараларды сақтай отырып, «Қамқор всеобуч» мәліметтер базасын 1-11-сынып оқушыларына арналған оқулықтармен уақытылы толтыруды қамтамасыз етуі қажеттігін айтты.

■ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Атырауда 6 жасқа дейінгі балаларға жоспарлы екпе салу басталды. 17 тамыздан кейін жоспарлы медициналық тексеріс жалғасады. Жасы 6-ға толған балалардың денсаулығын тексеру карантин кезінде тоқтатылған еді. Өткен аптаның басында емханаларда алты жасқа дейінгі балаларға жоспарлы вакцина қайта салына бастады.

■ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Қостанайда тұрғын үйлердің қабырғасына Абайдың портреті салынды. Ұлы ақынның портретін салу үшін Tigrohaud Crew шығармашылық бірлестігі Алматыдан жергілікті әкімдіктің шақыруымен келді. Абай портреті қаладағы көпқабатты үйлер мен саябақтарға ілініп жатыр. Портреттің жан-жағына жарықдиодты шамдар орнатылған.

■ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Солтүстік Қазақстан облысында астық ору науқаны басталды. Көктемнен басталған қарбаластың нәтижесі – бітік шыққан егін. Астықты уақытылы жинап алу үшін диқандар жаңа технологияларды қолданып, техниканы жаңартуда. Соңғы 3 жылда инвестиция көлемі 72 млрд теңгеден 107 млрд теңгеге дейін өсті. Биыл бұл салаға 55 млрд теңге тартылды.



ЕРІКТІЛЕР ҚАТАРЫ ТОЛЫҒУДА

» Ерікті көмекшілер өз жалақысын Жұмыспен қамту орталығы арқылы алады. Қалалық ТЖД қатарына жаңадан еріктілер мен көмекшілер қабылданды. Қазір елорда тұрғындары, студенттер мен мектеп оқушылары Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлерімен бірге кезекшілік атқаруда.

Олар қоғамдық тәртіп пен қаланың су айдынында қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. ТЖД-ға еріктілер қатарынан барлығы 60 адам қажет. Қазіргі уақытта 30 студент пен мектеп оқушылары жұмысқа қабылданды, олардың ішінде 18 жастан асқаны – 13 адам. Жалақыны Жұмыспен қамту орталығы төлейді. Ерікті болғысы келетіндер Жұмыспен қамту орталығына хабарласып, ТЖД-да әңгімелесуден өтуі керек. Студенттер мен оқушылар – 28 тамызға дейін, қалғандары 31 желтоқсанға дейін жұмыс істейді.

КӘСІП АШҚАН АНАЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨП

» Елордада «Кәсіпкер ана» жобасының қатысушылары бизнес-идеяларын жүзеге асыруда. Өткен жылы Нұр-Сұлтанға іске қосылған бұл жобаға қазірдің өзінде 700-ге жуық өтініш келіп түскен.



Жоба міндеті – көпбалалы әйелдерге, жалғызбасты аналарға, аз қамтылған отбасыларға, сондай-ақ мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған аналарға өз ісін бастауға көмектесу. Бүгінгі таңда жобада онлайн режимде оқуға 1200-ден астам өтінім келіп түсті. Алғашқы іріктеудің нәтижесінде 500-ге жуық әйел барлық талаптарға сәйкес

келеді, ал қазір 200-ге жуық адам біліктілігін арттыруда. Оқыту 11 негізгі бағытта өтеді. Карантин кезінде «Кәсіпкер ана» жобасы онлайн режимге көшті. Мұнда болашақ IT және SMM мамандары, аспазшылар, графикалық дизайнерлер, массаж жасаушылар, кондитер аспаздар, психологтар және басқалар оқытылуда.



ҚУАНЫШ ПЕН СЕНІМ

Әбдіхамит Орманов 2005 жылы елордаға Көкшетаудан отбасымен бірге көшіп келген. Содан бері өз мамандығы бойынша құрылыс саласында еңбек етеді. Қазір «Тимур-құрылыс» ЖШС-те геодезист болып жұмыс істеп жүр.

– Біздің компания, негізінен, тұрғын үй кешендерін салумен айналысады. Жақында кәсіптік-техникалық мектептің құрылысын аяқтап, пайдалануға бердік. Бірер күнде «Ақерке-2» тұрғын үй кешенінің құрылысы бітуге жақын, – деді Ә.Орманов.

Ол індетке байланысты барлық әлемде экономикалық қиындықтар туындап жатқанда, құрылыс жұмыстарының тоқтатылмағанына қуанады. Бұл осы салада еңбек ететін көптеген құрылысшылардың өмірін жеңілдететін түседі деген сенімде екен.

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ БӘСЕҢДЕМЕЙДІ

» Қазақстанда құрылыс саласы ерекше дамып келеді. Бұл салада 700 мыңнан астам адам еңбек етеді. Тіпті әлемді жайлаған індеттің өзі құрылыс жұмыстарына кесірін тигізе алмады. Төтенше жағдай жарияланып, кәсіпкерлік субъектілерінің көпшілігі жұмысын тоқтатуға мәжбүр болған кездің өзінде құрылыс бір сәтке саябырсыған жоқ. Қайта барлық өңірлерде оның қарқыны артқан. Биыл жаңа үйлерді пайдалануға беру көрсеткіші Нұр-Сұлтан қаласында – 34 пайыз, Алматы облысында – 31 пайыз, Шымкент қаласында 22 пайыз өскен. Төменде құрылысшылардың кәсіби мерекесі қарсаңында елордадағы құрылыс саласында атқарылып жатқан жұмыстарға шолу жасадық.



Дәулет АСАУОВ

РЕНОВАЦИЯ ҮДЕРІСІ

Қала шаруашылығында жиі қолданылатын терминнің бірі – «реновация». Ол латын тілінен аударғанда «жаңарту», «қалпына келтіру», «жөндеу» деген мағыналарды білдіреді. Яғни қаланы реновациялау – бұл кешенді қайта жөндеу немесе ескі және апатты ғимараттарды күреп, инженерлік желілерді, тұрғын үйлерді жаңарту бағдарламасы. Қазіргі таңда әлемнің көптеген ірі қалалары осы процесі бастан кешуде. Соның ішінде Нұр-Сұлтан да бұл үдерістен шет қалып жатқан жоқ.

Елордадағы ескі апатты үйлерді реновациялау жобасы аясында жүргізіліп жатқан 1211 пәтерлі, 77,6 мың шаршы метрді құрайтын 4 көпқабатты тұрғын үй кешенінің құрылысы жыл соңына дейін аяқталады деп күтілуде.

Сонымен қатар Нұр-Сұлтандағы апатты және ескі үйлерді реновациялау жобасы аясында қайта инвестициялау мақсатында 818 пәтер ағымдағы жылы нарықтағы баға бойынша 1 шаршы метрі 340 мың теңгеге бағалануда.

Тұрғын үй кешендерінің құрылысы кестеге сәйкес жүргізіліп, 25 желтоқсанға дейін пайдалануға берілуі керек.

Сондай-ақ биыл 8 апатты жағ-

дайдағы үй сүріліп, 126 отбасы көшірілді. Ал 2 апатты үй бойынша сот ісі жүргізіліп жатыр (3 пәтер).

Жоспарға сәйкес, биыл тағы 209 пәтерлі 5 апатты үй сүрілуі тиіс. Қазіргі уақытта 157 пәтер тұрғындары құқық белгілеуші құжатты басқармаға ұсынса, 52 пәтердің тұрғындары құқық белгілеуші құжатты рәсімдеу үстінде.

ҮЛЕСКЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛІП ЖАТЫР?

2019 жылы қала әкімдігінің атсалысуымен 10 проблемалы нысан пайдалануға берілді. Қалада бүгінде проблемалы нысан 52-ден 42-ге азайды. Ондағы үлескерлер саны – 13233.

Проблемалы нысандар құрылысын уақытты аяқтау жөнінде мемлекеттік уәкілетті органдардың жауапты болуымен жоспар бекітілген.

Әкімдіктің қатысуымен 9 құрылыс нысанының (1230 үлескер) аяқталуын үлескерлер өз бетінше жүзеге асыруда (2 нысан бойынша инвестор іздестірілуде, құрылыс – 4, пайдалануға беру – 3, аяқтау уақыты – 2019-2022 жылдар).

33 аса проблемалы нысан (12003 үлескер) «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2020-2025 жылдар аралығында салынбақ.

Жоспарға сай Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі Ведомствоаралық комиссиясының қатысуымен үлескерлік қатысу тұрғын үй құрылы-

сы бойынша үстіміздегі жылы 20 нысанды (5,8 мың үлескер) аяқтау жоспарлануда. Қалған 22 нысан (7,5 мың үлескер) 2021-2023 жылдары енгізіледі десеңіз. Проблемалы нысандарды енгізу және пайдалануға беру жөнінде жүйелі негізде кешенді жұмыстар жүргізілуде.

БІЛІМ БЕРУ НЫСАНДАРЫ БОЙ КӨТЕРЕДІ

Нұр-Сұлтандағы өзекті мәселелердің бірі – мектептердегі орындар санының тапшылығы. Бұл мәселені шешу мақсатында биыл елордада 10 мың орынды қамтамасыз ететін 13 білім беру нысанын пайдалануға беру көзделіп отыр. Оның 2100 орынды құрайтын 2 мектептің құрылысы қыркүйек айына дейін аяқталады деп күтілуде. Сонымен қатар жаңа оқу жылында №51, 52, 40, 31 мектептерінің жанынан 1950 орынды қамтитын қосымша ғимараттар құрылысы да аяқталуы тиіс.

Сондай-ақ Сейфуллин, Омаров және Сырдария көшелерінің төңірегінде орналасқан 900 орындық мектептің инженерлік желілерінің құрылысы аяқталуға жақын. Бұдан кейін 2019 жылы берілген мектеп биылғы қыркүйекте өз қызметін бастамақ.

Құрылыс жұмыстары әлі де жалғасып жатқан 3900 орындық қамтитын 4 мектеп пен 1150 орындық 2 қосымша ғимарат алдағы желтоқсан айында беріледі деп

күтілуде. Бұдан бөлек 3600 орындық тағы 3 мектеп 2021 жылдың желтоқсанында салынып бітеді деп жоспарлануда.

Сонымен қатар мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынатын астанадағы 10 мектептің жобасын жүзеге асыру да басталды. Мектеп құрылысы жаңа қаржыландыру моделі бойынша жүргізіледі деп күтілуде. Қазіргі уақытта конкурсқа қатысушы компания нақтыланып, конкурстық құжаттама жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ Қарасай батыр мен Бұланты көшелерінің қиылысында салынатын 1200 орындық мектептің жобалау жұмысы аяқталды. Сол сияқты 2700 орындық 2 мектептің және 600 орындық қосымша ғимарат құрылысының жобалау-сметалық құжаты әзірлену үстінде.

Мұнымен қоса мектептердегі білім алатын мүмкіндігі шектеулі топтарға барынша жағдай жасау мақсатында лифттік аумақты кеңейту жөніндегі 2 жобаның жобалау-сметалық құжаттамасы жасалып жатыр.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНДА ТОҚТАУ ЖОҚ

«Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасын жүзеге асыруда жалғастыру мақсатында 2020 жылы 59,5 млрд теңге қарастырылыпты. Оның 3,2 млрд теңгесі республикалық бюджеттен бөлінсе, 49,5 млрд теңге қарызға берілген. Ал 6,8 млрд теңге жергілікті бюджет есебінен бөлінген.

Қолжетімді баспана көлемін ұлғайту шаралары аясында ағымдағы жылы көлемі 312,4 мың шаршы метр болатын 5580 пәтерлі 14 көпқабатты тұрғын үй кешенінің құрылысы жүзеге асырылуда. Бұл тұрғыда жыл соңына дейін үй кезегінде тұрғандарға сатып алу құқығынсыз көлемі 29,8 мың шаршы метрді құрайтын жалдамалы 614 пәтер беріледі деп көзделіп отыр. Көпқабатты тұрғын үй кешендері Қошқарбаев, Айнакөл және 23-17 көшелері маңында (паркингпен) және Тілендиев даңғылының оңтүстігінде Сарыбұлақ өзенінің маңында, Құдайбердіұлы көшесінің бойында (екінші кезек құрылысы паркингпен) орналасқан.

Сонымен қатар көлемі 282,6 мың шаршы метр болатын 4966 пәтерлі тұрғын үйден баспана алуды несие арқылы рәсімдеуге мүмкіндік берілмек. Мемлекеттік бағдарлама аясында 66,1 мың шаршы метрді құрайтын 1111 пәтерден тұратын 3 көпқабатты тұрғын үй кешенінің жобалау жұмысы аяқталды. Сол сияқты жалпы көлемі 319 мың шаршы метр, яғни 5799 пәтерлі 12 тұрғын үй кешенінің жобалық-сметалық құжатын жасау жоспарда тұрған көрінеді. Бұдан бөлек, 400 мың шаршы метрлік, 7699 пәтерден тұратын 8 тұрғын үй кешенінің жобалау жұмысы жақын арада басталмақ.

Сондай-ақ денсаулық сақтау қызметкерлеріне арналған 3 жатақхана жобасының жобалық-сметалық құжатының жұмысы басталып та кетіпті.

Биыл 616 пәтерге көпбалалы отбасылар, ал 350 пәтерге жұмыс істейтін жастар ие болуы үшін республикалық бюджеттің трансфертінен 7,6 млрд теңге қарастырылған.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ НЫСАНДАРЫНА ДА ДЕН ҚОЙЫЛДЫ

2020 жылы инфекциялық аурухананы орналастыруға арналған дайын модульді конструкциясының құрылысы аяқталды. Ол медициналық технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар Мәңгілік Ел және Е497 көшелерінде орналасқан 150 орынға арналған оңалту орталығының жобалық-сметалық құжаты әзірленуде. Бұл жоба осы жылдың қазан айында аяқталады деп жоспарлануда. №1 қалалық аурухана маңындағы Қобда көшесінің бойындағы 250 орындық перинаталдық орталықтың да жобалық-сметалық құжаты әзірлену үстінде.

Жалпы, сарапшылардың сөзінше, құрылыс – ел экономикасының барометрі. Түрлі бағытта жүргізіліп жатқан бас қаладағы қарқынды құрылыс талай адамды жұмыспен қамтып, астана агломерациясы аясында елорда маңындағы ауылдарда кейбір құрылыс материалдары өндіріліп, ел экономикасының өсуіне де сүбелі үлес қосуда.



ИНДЕТПЕН АУЫРҒАНДАРДЫҢ 76 ПАЙЫЗЫ ЕМДЕЛІП ШЫҚТЫ

» Елордада қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкеннің медицина ұйымдарының басшыларымен кеңесі өтті. Кездесу барысында індет жайы талқыланды.

Карантин шаралары мен амбулаториялық емдеуді күшейту нәтижесінде емханаларда эпидемиологиялық ахуал жақсарып, пневмонияның таралу қарқынының төмендегені байқалады.

Сондай-ақ карантин кезінде, яғни 6 шілдеден бастап стационарларда емделіп жатқан науқастар саны 4,4 есе азайып, төсек-орын қорының жүктемесі 90 пайыздан 25 пайызға дейін төмендеді. COVID-19 инфекциясы расталып, ауруханаға жатқызылғандар саны 4,3 есе азайды. Пневмониямен ауыратын науқастар саны бес есе кеміді. Жедел жәрдем шақыру саны 3 мыңнан 1 мыңға дейін төмендеді.

Бүгінде қалада 12530 індет жұқтырғандар тіркеліп, оның ішінде 9629 адам (76 пайыз) емделіп шықты.

Кеңес қорытындысы бойынша қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы мен медицина мекемелерінің басшыларына азаматтар тарапынан шағын тудырған науқастарға арналған электронды медициналық сервис – DatuMed қосымшасы мониторингін тұрақты негізде жүргізіп, сапалы сервис ұсынуын қамтамасыз етуді тапсырды.

– Бұл мәселе DatuMed ақпараттық жүйесінің жетілмегені,



сондай-ақ көрсетілген қызмет туралы дәрігерлердің жазбасын кеш енгізумен байланысты. Нұр-Сұлтан қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы осы бағдарламаның әкімшілігімен бірлесіп әрбір нақты

жағдайға талдау жүргізеді. Сонымен қатар қазіргі уақытта қаржылық пайда алу мақсатындағы жалған жазбалардың нақты фактілері тіркелген жоқ, – деп хабарлады қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы.

1 МЛН НАУҚАСТЫ ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТИДЫ

» Денсаулық сақтау министрлігі ауруын амбулаториялық негізде емдейтін науқастарға бес препаратты COVID-19 диагнозы мен емі туралы хаттамаға енгізуді мақұлдады. Бұл туралы «СК-Фармация» ЖШС басқарма төрағасы Ерхат Есқалиев Орталық коммуникациялар қызметінде өткен онлайн брифингте мәлімдеді.



– «Қауіпсіздік жастықшасын» құру жұмыстары жүргізілуде. Айына 100 мың науқасты емдеуге 24 миллиард теңге мөлшерінде екі айлық қажеттілік қорын тұрақтандыру үшін ең қажетті 50 дәрі-дәрмек жеделдетілген режимде сатып алынады. Бұл екінші толқын үшін «қауіпсіздік жастығын» қамтамасыз етеді, – деді «СК-Фармация» ЖШС басқарма төрағасы Ерхат Есқалиев.

Сонымен қатар, ол COVID-19-бен жеңіл және орташа деңгейде ауырып жатқан науқастарды емдеу үшін енгізілген бес жаңа препарат туралы айтты.

– Бұлар – қабынуға қарсы парацетамол және ибупрофен, ривароксабан, аписабан және дабигатран. Қазір сатып алу процедуралары аяқталуда, 10 тамызға дейін біз жеткізуді бастаймыз. Олар 8,6 миллиард теңгеге сатып алынды. Бұл көлем 1 миллион науқасты қамтамасыз етуге жетеді, – деді ол.

МҮГЕДЕК ЖАНДАР БЕТТҰМША ТАҚПАЙ МА?

» Мүмкіндігі шектеулі жандардың бетперде тақпауына болады. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми өкілі мәлімдеді.

– Бетпердені мүмкіндігі шектеулі жандар және денсаулығы сыр берген балалар тақпай-ақ қойса болады. Негізі, ата-аналар осы туралы растайтын құжаттарды өзімен алып жүргені дұрыс. Дегенмен ол құжат болмаған жағдайда, санитарлық инспекция мен полицейлерден тұратын монито-

рингтік топ мүшелері түсіністік танытатын болады, – деді Бағдат Қожахметов.

Сондай-ақ министрлік өкілі 5 жасқа дейінгі балалар мен ашық аспан астында 5 адамға дейінгі топпен шынығатын жандарға беттұмшасыз жүруге рұқсат етілгенін жеткізді.

БІР ТӘУЛІКТЕ 30 НАУҚАС КӨЗ ЖҰМДЫ

» Өткен тәулікте елімізде індеттен 30 адам, атипиялық пневмониядан 18 адам көз жұмды. Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, 2020 жылдың 6 тамызында COVID-19 пневмониясын жұқтырған 1424 оқиға тіркеліпті. 1 тамыздан бері науқастардың жалпы саны 11008-ге жетті, дерттен 120 адам қайтыс болды.

«Қазіргі кезде індет жұқтырған 25053 адам ем-дом алуда. Соның ішінде 108-і – балалар. Стационарда 5364 адам, амбулаториялық емдеуде 19689 адам бар. 171 адамның ахуалы аса ауыр, 28-і – орташа, 42 адам

өкпені жасанды жолмен желдету аппаратында жатқызылған» делінген ресми хабарламада. Құзырлы министрлік 1 тамыздан бастап індет пен пневмонияны біріктіріп, науқастардың есебін жүргізуде.

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ КӨМЕК

» Карантиндік шектеу шараларына байланысты шағын және орта бизнес субъектілеріне қолдау көрсетілмек. Яғни қарыздарын өтеу күндері кейінге шегеріледі.



Карантиндік шаралардың ұзартылуына байланысты Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев шағын және орта бизнес субъектілері үшін банктік қарыз және микрокредит шарттары бойынша биылғы жылдың 3 тамызынан 1 қазанға дейін 60 күн кейінге қалдыруға мүмкіндігі беріледі. Ал кредиттік ұйымдар шешімді қарыз алушының өтініші негізінде және қарыз

алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауын растайтын құжаттарды талап етпей-ақ қабылдайды. Өтініштер 2 жұмыс күнінде қаралады. Әр түскен өтініші жеке тәртіппен бағаланады. Сөйтіп қаржылық жағдайы төмендеген кәсіпкер кемінде 90 күннен аспайтын мерзімге несиеcін төлеуді шегере алады.



АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ

» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 10 тамыз Абай күні болып белгіленді. Осы қаулыға барша қазақ балаша қуанды. Бұл, бір жағынан ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойына үлкен сый болды. Абай – ұлт руханиятының темірқазығы. Біз соған қарап бойымызды ғана емес, ойымызды да түзейміз. Енді бұл мереке – ел тарихындағы айтулы күндердің біріне айналмақ.

«Қазақтың Бас ақыны» – (А.Байтұрсынұлы) Абай-Ибраһим туралы ой айту, сөз қозғау оңай-оспақ шаруаға жатпайды. Бүгінге дейін хакім Абай хақында айтылған, тасқа басылып таңбаланған сөз әлі таусылған емес. Өйткені, Абайды, ғалым болсын, ақын-жазушы болсын, кім болса да өз таным-түсінігі тұрғысында саралайды, бойына сіңіреді, баға береді.

Даньшпан ойшыл қамтымаған тақырып, айтпаған ой сорабы бар ма екен, сірә?! Алаш арыстарынан бері тартқанда, саналы ғұмырының көптеген жылдарын ұлы ақынды жан-жақты зерттеп әуелі мақалалар шоғырын жазған, содан соң ғана қазақтың жарты ғасырлық өмірін кеңінен қамтыған «Абай жолы» сынды ғажап роман-эпопеяны дүниеге әкелген Мұхтар Әуезовтен кейін де қаншама ғалымдар мен абайтанушылардың еңбегін көзі ашық, көкірегі ояу қазақ оқырманы жақсы біледі.

Абай тағылымы – айдыншалар мұхит! Ұлы ойшыл өлеңдері мен қара сөздеріндегі қадау-қадау айтылған ой орманы, кешегі Абай ғұмыр кешкен заман адамдарына ғана емес, ХХІ ғасыр адамдарына да арнап айтылғанына таң қалмасқа әддіңіз жоқ. Өйткені, Абай шығармаларындағы орман ойлар ашылмаған арал сияқты. Жәй ғана үстірт оқығанмен тереңіне бойлай алмаймыз. Абай ұлылығы, Абай тағылымы да сонда жатса керек.

Абай өлеңдерін бүгінгі оқырман түсіне ме? Түсінсе қай дәрежеде?!

«Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда» дейді ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы.

«Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қарамай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды...».

Абай өлеңдері мен қара сөздерін түсіну бір басқа. Оны мына алмағайып, алашапыран уақытта, кәдімгі күнделікті өмір-тіршілігімізде пайдаға асырып жүрміз бе?! Абай айтқан «толық адам» болуға талпынамыз ба?! Білім-білігіміз, қарым-қабілетіміз, сана-сезіміміз, адамшылық айнамыз жете ме?! Шынтуайтына келгенде, адам боп дүниеге

келген соң, ас ішіп, аяқ босату, ұйықтау, «көппен көрген – ұлы той» деп құр әншейін тіршілік ету, сөйтіп ғұмыр өткізу үшін келдік пе?! Сонда, адамның бұл фәни жалғандағы мақсат-мұраты не?!

Өзі сүйген қазағы, оның кескін-келбеті, болашағы жайлы соншама толғанған, ұлтының табиғатын, жаратылысын, ойын-сойын, анық қазақтың қателік-кемшілігін жеріне жеткізіп ашық айтқан, ашына айтқан Абайдан асқан кісі бар ма?!

Қараңыз:

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне құлық сақтап.

Өзіңе сен, өзінді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап...

Бұл өлең жолдарын тәптіштеп түсіндіру артық шығар. Ақылыңды жұмсап, барыңды салып адал еңбек ет, мақтап-марапаттаған, арам ниетін, құлығын жасырған адамның сөзіне сенбе, мастанба, даңғойлыққа салынба, тек өзіңе, өз еңбегіңе сен дейді хакім ойшыл.

...Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,

Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр.

Сәлем – борыш, сөз – құлық болғаннан соң.

Қандай жан сырттан сөз боп, сыналмай жүр?..

Сұмдық сөз!

Сабырсыз, арсыз, еріншек, Көрсен қызар, жалмауыз, Сорлы қазақ сол үшін, Алты бақан ала ауыз...

Атақ-даңқ, байлық дегенде жанталасып, барын салағын, сүйекке таласқан иттердей ырылдасып тебіскен, одан әрі бірін-бірі көрмейтіндей, көрсен қызар іштарлықтан кетіскен алты бақан ала ауыз қазақ бүгін де бар.

Жоғарыдағы өлең жолдарының мән-мағынасын, діттеген мақсатын білетін, түсінетін сияқтымыз. Біле тұра іске асырып жүрміз бе?! Мәселе сонда.

Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда рухани құндылыққа, кітапқа деген құштарлық, кітапқа деген құмарлық бәсеңдегені рас. Оның нақты мысалдарын әр отбасынан көріп жүрміз. Кейбір мектеп кітапханасында балаға қажет рухани шығармалардың аз болуына кім кінәлі?!

«Тойдың болғанынан, боладысы қызық» демекші, Абай тойына дайындық жыл басынан бері қарқынды жүріп жатқанын білеміз. Бұл ретте, бірінші кезекте ұлы ақынның отаны Қарауылдағы, «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік

тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық музейі, ұлы ақын кесенесі абағтанып, аяқсыз қалған жұмыстардың реттеліп жатқаны көңілге қуаныш ұялатады. Алайда, ойлы оқырманға керегі – ұлы ақынның 3 томнан тұратын академиялық жинағы. Естүімізше, аталмыш кітаптарда, бұған дейін жарық көрмеген Абайдың саясаттағы орны, зәу-заты, ұрпақтары, әндері мен күйлерінің мәтіні нотасымен бірге жариялануы – үлкен жаңалық екендігі даусыз. Демек, даньшпан хакімнің оқырман қауым біле бермейтін жаңа қырлары жарқырай ашылмақ.

«Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек» дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Неге олай деді Ахаң?! Әлде, ұлы ұстаз халқымыздың өз рухани байлығын, өз құндылықтарын жетпіс жылдан аса уақыт солақай саясат салдырып тани алмайтынын болжап, біліп айтты ма екен?! Аллаға тәуба, біз тәуелсіздік алған соң ғана Абай әлеміне тереңірек үңіле

бастадық қой. Сең сегінеді, ел ояңды.

«Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек» деп ой толғайды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

– Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты.

Меніңше, Абайды оқу үшін, танып білу үшін, хакім шығармаларын өмір-тіршілігімізде кәдеге жарату үшін, «адамды сүйіп, Алланың хикметін сезіну» керек. Сонда ғана бір ел, тұтас ұлт болып ілгерілеуімізге серпін беретін хакім Абай тағылымынан тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алып, ойымыз бен сойымыз, тыныс-тіршілігіміз, кісілік кескін-келбетіміз, рухани әлеміміз жарқырай, жаңара бермек.

Толымбек
ӘБДРАЙЫМ,
жазушы



БҰЛ – РӘМІЗДІ КҮН

» Абай күні – көп мерекенің бірі емес, әрі халықтық, әрі елдік мәні бар меже. Әлем үшін белгілі ұлттың аты мен тұлғасы тұтастанып кетеді. Біздің Абай – сондай! Бірақ «мата даңқымен бөз өтеді» дегендей, ақын есіміне құр малданғаннан гөрі, еңбегін оқып, шын абайшыл болғанымыз жөн.

«Абайшыл болу» деген не? Ол – елге адал болу, білім-ғылымға ұмтылу, заман ахуалын хатқа түсіре алу немесе шығармашылықты қадірлеу. Біздіңше, сонша қиын талап емес. Тырысса, мұны екі адамның бірі орындай алады. Әлемде 17 миллион, елімізде 12 миллион қазақ өмір сүрсе, Абай мен ұлт өлеңін алқалаушылардың саны кемі 6-8 миллион болмай ма? Бұл аз сан емес. Оның арғы жағында тіл, мәдениет, руханият тұр.

Ұлт тағдыры бұрын да, қазір де күрделі. Абай сөзі еске түседі:

Жақынға еріп, мал салмай,

Жауды көріп, жан салмай,

Қайдан ғана біледі Ауыр менен жеңілдің Арасымен өтерді?...

Ақын айтқан жақын да, жау да өзгерген жоқ. Оның бірі – қандасымыздың яки жұрттың нәпсісі мен құлқыны болса, екіншісі – жан-жағымыздың яки әлем

ашкөздерінің нәпсісі мен құлқыны.

Алаш зиялылары Абайды – «отаршылдыққа шалынған бірінші құрбан» санаған. Отаршылдықты бүгінгі гуманизм тілінде «жаһандық кесапат, бүліншілік» деп түсініңіз.

«Абай күнінің» рәмізді болатын себебі: бұл – осы замандағы теперіш пен зорлық-зомбылыққа, аярылық пен надандыққа қарсы тұрған Қазақ елінің немесе Қазақстанның үні. Әрине, оны тек поэзия форматында айту міндетті емес. Мұның мәні мен мазмұны маңызды.

Ендігі кезекте Абай күнінің тұжырымдамасын қалыптастырып, дамыту, оны жалаң науқаншылдыққа айналдырмау – бәріміздің мойнымыздағы іс. Осы жолда халқымызға сана, ыждағат, ынсап, сабыр берсін!

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,
Л.Гумилев атындағы
ЕҰУ проректоры,
ҰҒА академигі

ҰЛТТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

» Абай – қазақ ұлтының төлқұжатына айналған тұлға. Үкіметтің 10 тамызды «Абай күні» деп мемлекеттік мерекелер күнтізбесіне атаулы күн ретінде белгілеуі – ерекше жаңалық. Руханиятымыз үшін айрықша оқиға. Мәселен, көрші Ресейде Пушкин күні, Өзбекстанда Науаи күнінің тойлануы – әлемдік мәдени кеңістікке белгілі еді. Осы секілді мысалдар көбірек келтіруге де болады.

Өз басым Үкімет Қаулысын жақсы қабылдадым. Себебі, қазіргі таңда абайтану ғылымындағы ой-пікір, тұжырым биологиялық тұрғыда «қартайып» кетті. Абайтанушы ғалымдарымыздың алды – тоқсан, ең жас дегені – елу бесте. Сондықтан да Абай Құнанбайұлының тұлғасы мен шығармашылығын зерттеу, зерделеу мәселесі жаңа көзқарас негізінде қайта қарастырылуы шарт. Кеңестік билік кезінде идеологиялық цензураға ұшыраған тарихи тұлғалар мен оқиғалар өте көп. Олар – Қазақ елін азаттық пен дербестікке бастаған оқығандар. Міне, сол оқығандардың бәрі Абай тұлғасын ұлттық культке айналдыру мұратын қолдаған, ақын туралы тұшымды ой жазған, өшпес із қалдырғанды. Анығында, біз сол арыстардың көбін білмейміз де. Шаң басқан архив қоймаларындағы абайтануға қатысы бар

құжаттарды ғылыми айналымға шығарсақ, Абай тұлғасын ең алғаш болып насихаттаған арыстар туралы жаза бастасақ, көкжиегіміз кеңейеді. Тарихи санамыз жаңғырып, «Абай мен Алаш» тақырыбын біртұтас елдік идея деп ұғуымызға жол ашылады.

Абайтану ғылымында шешілмеген түйткіл жеткіліксіз. Аса маңыздысы – хакімнің шығармашылық мұрасына толық текстология жасалуы, академиялық жинағының даярлануы.

Енді жыл сайын Абай күнін ұлықтау арқылы жасөспірімдер мен қоғам өкілдерінің санасына ақын болмысын дәріптеп, оларды ізгілікке, адалдық пен әділдікке шақырамыз. Бұл – жауапкершілігі мол тәуелсіздігіміздің беріктігіне қызмет ететін рухани миссия.

Елдос ТОҚТАРБАЙ,
әдебиеттанушы,
ғалым



АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ – ӨМІР СҮРУ ҚАҒИДАСЫ

(Жалғасы. Басы газетіміздің №85, 86, 90-91, 92 сандарында)

ОТЫЗЫНШЫ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

«Ұялмас бетке талмас жақ береді деп, көп былжыраған арсыз, ұятсыздың бірі-дағы» деген тұжырыммен аяқтапты, Абай отызыншы сөзін.

Біз осы сөздерді оқып отырып, жалпы адам баласы көп өзгере қоймайды екен-ау деген ойға келдік.

Бар ғұмырында қолына балға алып, бір шеге қақпаған, көп пайдасына асар бір ауыз сөзі болмаған, көпшілік басын қосар бір өнері болмаған, бірақ жұрт жиналаса болды, қайыртпай сөйлеп, айыртпай төбелесіп жүретіндер әлі бар.

Бар кемшіліктен ақтала, бар қасиетімен мақтана бөседі дейсін.

Әтімді ұстап тұрған соның ақылы, билеп тұрған соның жақыны, өзі бар адамның бағыты, руы мен жұрты елдің тақылы.

Абайды кем тұтқан Абай замандастары өлмей, осы заманға шетінен тірі жеткендей. Әлде Абай солар мінезі мен болмысын дәл суреттеп бергені, өз замандастарымыз бен Абай замандастарын айыра алмай қаламыз ба екен? Өздері көп секілді.

Тіпті көбейе түспесін...

ОТЫЗ БІРІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

...Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде, я көргенде, ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланп, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек.

Біз Абайдың отыз бірінші сөзін бір әрпін қалдырмай көшіріп алмаққа ниеттендік.

Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

«Құйма құлақ» болу Абай талабы бойынша оңай шаруа емес секілді. Көкірегі байлаулы берік болу деген сөз – өзінді не бір талапқа, не бір ғылымға, не бір өнерге бағыттауың керек деген сөз болар. Өзінді байлай алсаң, өзіңе қажетті деректі, әлгі өзінді-өзің байлаған нәрсеге қажетті деректі ұмытпа десең де ұмыта алмайтын боларсың. Себебі сен оны іздеп жүрдің ғой. Содан барып естіген бойда «апырым-ай бұл солай екен-ау» деп сезімдене қалдың. Абай сол кезде сол деректі ойша екі-үш рет қайталап қой, содан соң (төртіншісі) – сол мезетте ой кеселдерінен аулақ бол дейді.

Ой кеселдерін Абай тізіп жазып кетіпті. Бұлар ақыл мен ғылымды ілгері бастырмайтын, барын тоздыратын қылықтар екен.

Уайымсыз салғырттық деген не? Ойыншы-күлкішіл деп кімдерді айтамыз?

Қайғыға берілген жан қандай болады?

Құмарпаздар кімдер?

Бұл Абай айтып кеткен кеселдер құпиясын түсіну үшін күнде естіп жүрген бірнеше тұрмыстық мақал, мәтелдерді, қямпорыс сөз тізбектерінің бірлі-жарымын еске

сала кетелік, қалғандарын өздеріңіз жалғастырып ала саларсыздар...

...Кұдайдың күні көп қой, несіне жанталасасың...

...Ертең де күн бар емес пе...

ОТЫЗ ЕКІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Отыз екінші сөзде Абай абзал ойларының үшеуін, Абай өлеңдерінде кездесер асыл ойлар үшеуін осы өзіміз «талап» деп ат қойған осы сөзімізде келтірмек болдық.

Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі.

Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек.

Ақылды сақтайтұғын мінез деген сауығы болады. Сол мінез бұзылмасын!

Өзі білгісі келіп, сағына жүріп кездесіп, шын мейірлене оқып үйренбесе адам осындай сөзді жаза алар ма еді!

Абай не үшін ізденді? Іздеп тапқанын кім пайдасына асырмақ болды? Абай осындай адал еңбегін, асыл ойларын қайран жұрты қазағына арнамай кімге арнай алады...

Бала күнімізде өрістен қайтқан «Қарамая» дейтін түйеміздің алдынан шығатынбыз. Күні бойы дала нәрін жинаған жарықтық ботасын сағынып, мейірлене боздап келе жатушы еді. Ботасы бауырына жақындамай-ақ баласына деген сағыныш махаббатына иіп жүре беруші еді. Төрт емшектен сүт тамшылай бастайтын.

Абай да сол. Қайран жұрты қазағын біраз сынап-мінеп алып, бойындағы бар махаббатын, сезімін осылайша ақтарды.

Абайдың өзіне жанынан жақын көретін қазағы болмаса, осы сөздердің бірі де жазылмаған болар еді.

Абай бойындағы барлық қуатты, барлық білімді, барлық қасиетті ойлар мен сезімдерді ідіріп асыл сөздерге айналдыратын Абайдың өз жұртына, адам баласына деген махаббаты болатын.

Единица – жақсысы,

Ерген елі бейне нөл.

Единица нөлсіз-ақ,

Өз басыңдық болар сол.

Единица кеткенде,

Не болады өңкей нөл?

Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.

Әсемпаз болма әр неге,

Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де – бір кірпіш, дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан!

ОТЫЗ ҮШІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

...Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұттайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі – сол.

Өзіміз қолөнерге сүйенген жан болғандықтан ба, Абайдың бұл сөзі біздің жанымызға бал болып жағып, май болып жұғып тұр. Әрине, біз әулиелікке таласа қоймаспыз, бірақ Абайдың қолөнерлі кісіні қоғамның ең бір пайдалы адам екендігіне жұрт көзін жеткізіп кеткені қандай ғанибет болған. Әйтпесе бірнеше жылдар бойы алақаныңның қаныменен, маңдайыңның теріменен салып шыққан, өмірге келтірген нәрселеріңді көлденең көк атты кие жа-

рып: «Мен салдым, мен салғыздым» деп тұратынын қайтерсің.

Бірақ «Кұдай тағала қолына азмаз өнер берген қазақтардың кеселдері болады» депті Абай.

Қолөнерлі жандарға Абай бірнеше ақыл-кеңес жазып қалдырады: Әуелі қолөнерлі жан бойында барға қанағат етіп қалмай ізденіп, үйреніп, ұдайы өзін-өзі жетілдіруге тырысқанының дұрыстығын;

Екінші ерінбей еңбек етіп, өнері мен тапқанына бола кербездікке салынып кетпеуді;

Қулардың мақтағанына бой алдырмауды;

Өнерлі жанына тамыршыл боп жинала бастайтын шайтандардан бойды аулақ ұстауды тапсырады.

Абай осы сақтандырғыш кеңестерін жаза отырып, өнерлі жан қадірін, өнерін жетілдіре түсуге көмек көрсеткісі келген секілді.

Қолөнерлі жан өз өнеріне мейірлі болып жақсы көрмек керек екен. Өзің жақсы көрмей, өзің сүймей, басқаға жақсы көрсете алмайсың, сүйдіре алмайсың дейді.

Қаруыңның барында қайрат қылмай,

Қаңғып өткен өмірдің бәрі де – жел.

Абайдың өлеңдерінен алынған осы бір ауыз сөз қолөнерлі жандар өмірінің нағыз өмір екеніне көз жеткізе түсетіндей.

ОТЫЗ ТӨРТІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

...Кімде-кім ахиретте де, дүниеде де қор болмайын десе, білмек керек: еш адамның көңіліңде екі қуаныш бірдей болмайды, екі ынтық құмарлық бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы – олар да бірдей болмайды...

...Қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса – мұсылман емес.

Адам баласына адам баласының бәрі – дос.

Бұл сөздерді, Абай ойларын Абай өзінен көшіріп алдық. Көшіріп алдық та, көңілімізге күдік ұялаттық. Шыныменен біз (жеке басымды сөз етіп отырмын) бұл дүние қуанышы о дүние қуанышынан артық қадірлеп жүрген жоқпыз ба?

Біздің қай қылығымыз сауапқа, қай қылығымыз күнаға жазылып жатыр? Оны кім білмек?

Біреумен қастасып, біреумен өштесіп, адамның бәрін өзімдей етіп аламын деп, Алла тағаланың, Ұлы Жаратқанның жарлығына қарсы болып жүрген жоқ па екенбіз?

Бәрі өзіңдей болғанда, өмірдің түзеліп кететініне кім кепіл?

Өзінді-өзің түсініп болдың ба?

Абай барлық адамдарға дос болуды уағыздайды, ал қазақтарға «бірінді қазақ бірін дос, көрмесен, істің бәрі – бос» деп ескертеді.

Егер адамдар, Абай ойлағандай дәрежеде адамдарға деген сүйіспеншілік сезімге иелік ете алмаса, адам өміріндегі, бұл дүниедағы басты қатесі де сол болатын болар...

Қамшы сабындай қысқа өмірдегі аз ғана ләззәт үшін, сәл ғана мақтанш үшін, жұрт көзінше тәуір атану үшін мәңгілік атты мекенді ұмытып жүрген жоқпыз ба? Солай болса, қандай қорқыныш...

ОТЫЗ БЕСІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Отыз бесінші сөзін жазып отырып, Абайдың қандай ойда болға-

нын, қандай күй кешкенін кім білсін?

Абай да өз өмірін бірден білікті болып бастаған жоқ болар. Әуелі бала болды. Балалық қылықтарын бастан өткізді. Соңынан ағалары мен әке сөзіне иланды, солардың істегенін істеді. Сөйлеткенін сөйледі. Ол кезде істеген шаруаларының бәрі Абай басына сауап болып құйылып жатты десек, онда біз өмірді танымайтындар, зерделей алмайтындар қатарына қосылар едік.

Билік басында жүрген адамға ары мен адамшылғын өмір бойы таза сақтап жүру қиынға соғатын секілді. Абай да Құнанбайдың, Ырғызбай ұрпақтарының шындығымен, көзқарасымен тіршілік талқысына талай рет түсті. Өмірдің сауабын да жинаған болар, күнәсін де арқалаған болар.

Ержеткенде, Абай аты шығып, танымал болған шақта, «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкінген шақта өз білімімен, өмірге өз танымымен араласты. Әрине, бұл сөздер сол шақта жазылған болар.

Абай осы сөзді жазғалы отырғанда, және бұл сөзі бұл дүниелік емес о дүниелік, адам пендесіне жұмбақ нәрсе болса, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп, Алланың ақиқаттығына сенген кісі өткен өмірін еске ала, өзінен де есеп ала отырған болар.

Көз алдынан қандай жағдайда қандай шешім қабылдады, бәрі сайрап өтпеді дейсін бе...

Сол кезде, даналық, кемеңгерлік жасқа жеткенде, өзіне қай ісі қалай көрінді екен?

Өкініші көп болды ма, шүкіршілігі көп болды ма?

Бұл күн бір күндерде бәріміздің де басымызға түседі.

Сол күні, өзіңе өзің есеп берген сәтте, о дүниеге онша қорықпай аттана алсақ, шіркін...

ОТЫЗ АЛТЫНШЫ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Абайдың: «кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ» деген сөзін оқыған кезде қатты шошынып қалдым.

Әрине, алдымен өзіңді ойлайсың. Ұятсыздар қатарына өзінді қоса алмайсың. Сосын өз замандастарының біразын еске алады екенсің. Солардың кейбіреуі туралы ойлап, тап сол адамда ұят бар ма еді, жоқ па еді деп, жауап таба алмай сасады екенсің.

Абай ұят деген сезімді екі түрлі болады дейді.

Дұрыс адам, ұятты адам, мысалы, Абайдың толық адамы біреудің не шариятқа, не адамшылыққа, не ақылға теріс ісін көріп далада тұрып әлгінің қылығына басқалардан ұялып тұрады екен.

Екінші ұят түрі де сондай қылықтарды өзің істеп алып, өзінді-өзің жерлеп, өзіңе-өзің жаза тартқызатын болса керек...

Абай: «Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылдығы, итігінді өз мойнына салып, сөгіс қылған қысымның аты» депті.

Ұят деген сезім оянып кетіп, өз қатең түгіл өзгенің кемшілігі үшін ұялатын болсаң сен кімсің?

Жетім мен жесірдің қақын жеп, ауру мен әлсіздің үлесін ұрлап, байлығын арттырып жатса, ол кім? Олар жүрегінде туа біткен ұят сезімі болды ма екен? Болса, қайда кетті?

Бұл сұрақтарға өмір бойы жауап

ОТЫЗ ЖЕТІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

1. Адамның адамшыллығы істі бастағанынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

2. Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

3. Хикмет сөздер өзімішлі наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.

4. Кісіге адамына қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады.

5. Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың.

6. Ер артық сұраса да азға разы болады. Ез аз сұрар, артылтып берсең де разы болмас.

7. Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың.

8. Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тапта, жөнге сал.

9. Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват.

10. Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

11. Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шықпайды? Соңғыға кім азбайды?

12. Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседі баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

13. Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны. Егер де аузынан қан ағызса, домбыт мақтаншақ, я қорқақ.

14. Қуанбақтық пен бақ – мастықтың үлкені, мыңнан бір-ақ кісі к...н ашпайтұғын ақылы бойында қалады.

15. Егер ісім өнсін десең, ретін тап.

16. Биік мансап – биік жарғас, Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,

Екпіндеп ұшып қыран да шығады.

17. Дүние – үлкен көл, Заман – соққан жел, Алдыңғы толқын – ағалар, Артқы толқын – інілер, Кезекпенен өлінер, Баяғыдай көрінер.

18. Бақпен асқан патшадан Мимен асқан қара артық. Сақалын сатқан көріден Еңбегін сатқан бала артық.

19. Тоқ тіленші – адам сайтаны, Харекетсіз – сопы монтаны.

20. Жаман дос – көлеңке: Басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың;

Басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың.

21. Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас; Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол.

22. Қайратсыз ашу – тұл, Тұрлаусыз ғашық – тұл, Шөкіртсіз ғалым – тұл.

23. Бағың өскенше тілеуінді ел де тілейді, өзін де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің.

Сайын НАЗАРБЕКҰЛЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

(Жалғасы бар)

КІРМЕ ӘРІПТЕР ТІЛ БҰЗАДЫ

Қазіргі қазақ әліпбиінің тізбегінде төл таңбалармен қатар кірме таңбалар араласып жүр. Төркіні бөлек кірме таңбалардың жасалым-естілім (артикуляция-перцепциясы) бөгде болғандықтан, олар қазақ сөзінің үндесім әуезін, морфем құрамын, буын тұрқы мен тасымал ретін, сондай-ақ сөйлеу ырғағын түгел бұзып бітті. Көзіміз үйреніп, қолымыз жаттығып алған соң төл-кірме жазуды да өгейсінбейтін болдық. Рухани сананың жаңғыруы ұлттың тілінен басталатынын ескерсек, онда алдымен төл әліпбиді қалыптастырып алу керек болады. Төл әліпбиден төл сөз қалыптасады, төл сөзден ұлт тілі қалыптасады. Бұл – әлемдік жазу тәжірибесі көрсетіп отырған фонетика-грамматикалық ұстаным.

Қазіргі қазақ әліпбиінің құрамындағы кірме таңбалардың дыбыс құрамы (мазмұны) академиялық орфоэпиялық сөздіктерде таратылып көрсетіліп келеді. Алайда академиялық орфоэпияның нәтижесіне ешкім мән бермей отыр. Сөздіктердің, мүмкін, таралым тапшылығы болар немесе оқу-әдістеме бағдарламалары мен оқулықтарда жеткілікті мән берілмей келе жатқандықтан болар, әлде орыс әліпбиімен тұмшаланып қалғандығымыздан болар, әйтеуір кірме таңбалардың тіл бұзар машақатынан арыла алмай-ақ келеміз.


Әдетте, әлемдік әліпби түзу тәжірибесінде бір дыбысты бірнеше (екі-үш) таңбамен белгілеу дәстүрі жиі кездеседі. Ал бірнеше дыбысты бір таңбамен белгілеу дәстүрі жоқ сықылды. «Жоқ сықылды» деп екіұшты сөйлеп отырғанымыздың себебі бар. Өйткені әлемде жоқ әліпби үлгісі қазақ жазуында ғана бар: бір таңбамен екі-үш дыбыстың тіркесін біз ғана белгілеп келеміз. Белгілеп қана қоймай, арнайы емле-ережемен бұлжымастай етіп бекітіп те қойдық. Жарты ғасыр бойы ұрпақтан-ұрпақ сол емле-ережемен ауызданып, сол емле-ережемен ер жетіп, сол емле-ережемен қартайып, сол емле-ережемен «ұзап» кетіп жатыр. Тіл бұзар емле-ереженің бастау сәті де белгілі – 1957 жыл, белсенділері де белгілі – сол кездегі аты әйгілі тіл мамандары.

Ендігі шешім не болмақ? Қазіргі естияр ұрпақты «олай емес, былай» деп сендіру

қиын болып отыр. Бұрын бір ескерткеніміздей, қазақтың өзіне «қазақтың бар дыбысын бар деп, жоқ дыбысын жоқ деп» сендіре алмайтын кезеңде тұрмыз. Біз, қазіргі ұрпақ, шамасы, сол «и-у-я-юлап» өтетін тәріздіміз. Амал жоқ, күйінесің-күйесің, іс өнбесін білесің...

«Әліпби жаңғыруды» мектептен, тіптен, бірінші сыныптан бастамаса болмайтын түрі бар. Сол ұрпақ өсіп жетілгенде ғана қазақ сөзінің қазақы жазылымы мен айтылымы кірме таңбалардың машақатынан тазаратын болады. Бірақ ұрпақ дайындығын бүгіннен бастау керек. Мұндай дайындық, ең алдымен, сауат ашудың бастау көзінде тұратын мұғалім-ұстаздарға керек. Көзі ашық сауатты қауымның да игеріп алғаны артық болмайды. Өйткені болашақ қабылданатын латын әліпбиінің құрамы мен емле-ережесі бүгінгі кемшіліктерден арылып жаңаратын болады.

Сонымен, кірме таңбалардың дыбыс құрамын таратып, көрнекі «әліпби» моделін құрастырып шығамыз. Қазақ грамматикасын да буын түрлерінің атаулары бар. Сол үлгіні дыбыс тіркестерінің талданымына да пайдалануға әбден болады. Буын түрлері мен тіркес түрлерінің дыбыс құрамы бірін-бірі қайталайды.




Алғашқы тіркес түрін «ашық тіркес» деп атадық: дауыссыздан (шартты түрде – Дз) басталып дауыстыға (шартты түрде – Дт) бітеді: Дз+Дт.

Тіркестің бірінші сыңары дауыссыз й дыбысы болып табылады (орыс үлгісімен қысқа й деп жүргеніміз дұрыс емес, қазақ тілінде қысқа/созылыңқы дыбыс жоқ). Тіркестің екінші сыңары бірде дауысты а болса, бірде дауысты ә болады. Ендеше оқулықтарымыздағы дербес-дербес екі тіркестің таңбасы екен, басқаша айтқанда дыбыс емес таңба (әріп) екен. Сонда қазақ тілінде екі дыбыс тіркесін бір таңбамен (әріппен) белгілеп жүр екенбіз.

Келесі тіркес түрін «тұйық тіркес» деп атадық: дауыстыдан басталып дауыссызға бітеді: Дт+Дз.

Тұйық тіркес екі түрлі болып келеді.

Бірінші тұйық тіркес. Тіркестің бірінші сыңары бірде дауысты ы болса, бірде дауысты і болады. Тіркестің екінші сыңары дауыссыз й дыбысы болып табылады (орыс үлгісімен қысқа й деп жүргеніміз дұрыс емес, қазақ тілінде қысқа/созылыңқы дыбыс жоқ).




Ендеше оқулықтарымыздағы дауысты и деп жүргеніміз дербес-дербес екі



тіркестің таңбасы екен, басқаша айтқанда дыбыс емес таңба (әріп) екен. Сонда қазақ тілінде екі дыбыс тіркесін бір таңбамен (әріппен) белгілеп жүр екенбіз.


Екінші тұйық тіркес. Тіркестің бірінші сыңары бірде дауысты ү болса, бірде дауысты ұ болады. Тіркестің екінші сыңары дауыссыз у дыбысы болып табылады (орыс үлгісімен дауысты у деп жүргеніміз дұрыс емес, қазақ тілінде дауысты у дыбысы жоқ).



Ендеше оқулықтарымыздағы дауысты у деп жүргеніміз дербес-дербес екі дыбыс тіркесінің таңбасы екен, басқаша айтқанда дыбыс емес таңба (әріп) екен. Сонда қазақ тілінде екі дыбыс тіркесін тағы да бір таңбамен (әріппен) белгілеп жүр екенбіз.

Соңғы тіркес түрін бітеу тіркес деп атаймыз: дауыссыздан басталып, дауыстымен жалғасып, дауыссызбен аяқталады: Дз+Дт+Дз.

Тіркестің бірінші сыңары дауыссыз й дыбысы болып табылады (тағы да, орыс үлгісімен қысқа й деуге болмайды, қазақ тілінде қысқа/созылыңқы деген дыбыс жоқ). Екінші сыңары бірде дауысты ү болса, бірде дауысты ұ болады. Тіркестің үшінші сыңары дауыссыз у дыбысы болып табылады (тағы да қайталаймыз, орыс үлгісімен дауысты у деп жүргеніміз дұрыс емес, қазақ тілінде дауысты у дыбысы жоқ).



белгілеп жүр екенбіз.

Қазақ тілінің сөзқұрауыш (просодикалық) заңдылығы бойынша жазу үлгісі «бір дыбыс – бір таңба» болу керек, сонда ғана мәтіннің үндесім әуезі, морфем құрамы, буын жігі, тасымал реті мен сөйлеу ырғағы үйлесімді шығады. Қазақ (жалпы түрік) тілінің өзге тілдердің жазу үлгілерінен басты ерекшелігі осы болып табылады.

Қазақ әліпбиінің құрамында дыбыс тіркестерін белгілейтін таңбалардан (әріптерден) басқа кірме жеке таңбалар (әріптер) бар. Ол таңбалардың да дыбыс мәнін өз алдына талдауға тура келеді.

Бірінші, қазақ (жалпы түрік) тілінде көмей дыбыс жоқ. Соған қарамай араб дәстүрінен енген h таңбасы әліпби құрамынан шықпай келеді. Ал осы таңбаны жасанды дыбыстап келеміз. Өйткені қазақ тілінің артикуляциялық базасында көмей дыбыстың жасалымы жоқ. Сондықтан h дыбысы деп тілшік арқылы дыбысталатын тоғысыңқы/жуысыңқы қатаң дауыссызды айтқан болып жүрміз. Әдетте төл дыбыс еш артикуляциялық дайындықпен күш жұмсап барып айтамыз. Осының өзі таңбаның (әріптің) бөгде (кірме) екенін көрсетеді.

Екінші, қазақ әліпбиінің құрамындағы арнайы тоқтала кететін тағы бір таңба – қазақтың төл сөздерінің құрамында жазылып жүрген x әрпі. «Төл сөздер» дегенді босқа бөлектеп жазып отырған жоқпыз, бұл таңба халықаралық терминдердің

жазылымында көптеп кездеседі. Таңбаның бұл жағына тоқталмаймыз.

Жоғарыдағы h таңбасы сықылды x әрпі де араб дәстүрінен енгені белгілі. Қазақ тілінің санаулы төл сөздерінің құрамында ғана жазылып жүр. Алайда дауыссыз қазақ тілінің дыбыс құрамында дербес сингема (фонема) емес.


Ең соңғы қазақ әліпбиінің құрамында «адасып» жүрген таңба ш, қазақ тілінің артикуляциялық базасында мұндай дыбыстың да айтылымы жоқ.

Сонымен арнайы фонетика-грамматикалық талданым қажет болып отырған кірме таңбалар и, у, я, ю, h, x, ш. Енді әрқайсысына жеке-жеке дәріс арнап, талдап шығамыз.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшкенде «бір дыбыс – бір таңба» ұстанымын негізге алатын боламыз. Төменде кирилл-латын баламасының жиынтық үлгісін беріп отырмыз.

Латын әліпбиінің таңбалары бүкіл әлем қабылдап отырған Халықаралық Фонетикалық Әліпби (ХФӘ) құрамынан алынды. Дыбыстың таңбасы тек сол дыбыстың артикуляциясының ғана көрсеткіші болады. Бір дыбыстың таңбасымен өзге дыбысты белгілеуге болмайды. Дыбыстың әріп таңбасы тұрақты.

Әлімхан ЖҮНІСБЕК,
А.Байтұрсынұлы
атындағы Тіл білімі
институтының бас ғылыми
қызметкері,
филология ғылымдарының
докторы,
профессор



НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы

06.08.2020

№510-1561

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды

қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Әкім А. Көлгінов
Әкімнің орынбасары Н. Нұркенов

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы Ж. Шәукентаев

«Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы А. Есенбаев

«Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Н. Ұранхаев

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «...» №... қаулысына қосымша

Өзгерістер енгізілетін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 16 маусымдағы № 510-1299 қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының 1-тармағындағы «2018 жылғы 15 қарашадан

бастап 2019 жылғы 15 қарашаға дейін» деген сандар мен сөздер «2020 жылғы 4 қарашадан бастап 2021 жылғы 4 мамырға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

жоғарыда көрсетілген қаулыға қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірімен 42-жолмен толықтырылсын:

42.	21-319-152-1256	Исламғалиев Сатугелен Сарсенбаевич	0,0690	0,0690	Нұр-Сұлтан, «Сарыарқа» ауданы, «КЖБИ-56» бағбандық серіктестігі, Набережная көшесі, № 88 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
-----	-----------------	------------------------------------	--------	--------	---	-----------	-------------

2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 510-965 қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 3-жол «Аубакиров Айдар Булатович» деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 4-жол «Жетписбаева Гульмира Болтабековна, Жетписбаев Жанат Едыгеевич, Жетписбаев Нурлан Балтабекович» деген сөздермен толықтырылсын;

жоғарыда көрсетілген қаулының 2-тармағындағы «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы» деген сөздер «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 510-959 қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 2-жолдағы «Expert centre» ЖШС» деген сөздермен әріптер «Sigma Build» ЖШС» деген сөздермен әріптерге ауыстырылсын;

«Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі» деген бағанда:

реттік нөмірі 2-жолдағы «21-320-135-2327» деген сандар «21-320-135-4301» деген сандармен ауыстырылсын;

«Жер учаскесінің ауданы (га)» деген бағанда:

реттік нөмірі 2-жолдағы «5,7063» деген сандар «2,4632» деген сандармен ауыстырылсын.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2020 жылғы тамыз айының үшінші он күндігінде «Zoom» сервисінің бейнеконференция байланыс платформасында Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Сауда, соның ішінде көтерме-бөлшек сауда, қоғамдық тамақтану, стационарлық және көшпелі сауда саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру туралы» тақырыбында жария тыңдаулар өткізеді.

Жоғарыда көрсетілген жария тыңдауларға шығарылатын мәселе бойынша ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының аппараты» ММ 55-66-31, 55-66-37 телефондары бойынша және maslihat_org@mail.ru электронды поштаға хабарлауыңызды сұраймыз.

Анықтама телефондары: 55-66-37, 55-66-31.

м.а. М. Шайдаров
Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТИЛЕРІНЕ ҚОСЫМША ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН КӨРСЕТУ ТӘРТІБІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Ағымдағы жылғы 3 тамыздан бастап қатан шектеу карантиндік шараларының ұзартылуына байланысты ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың тапсырмасы бойынша ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) қызметі шектеулі, тыйым салынған немесе карантиндік шараларды енгізу нәтижесінде тоқтатылған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін (бұдан әрі - ШОК) қолдаудың қосымша шараларын бекітті.

ШОК субъектілері үшін банктік қарыз және микрокредит шарттары бойынша 2020 жылғы 3 тамыздан 1 қазанға дейін 60 күнге кейінге қалдыру мүмкіндігі беріледі. ШОК субъектілерінің банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша төлемдерді кейінге қалдыру мүмкіндігін беру үшін кредиттік ұйым шешімді қарыз алушының өтініші негізінде және қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауын растайтын құжаттарды беруін талап етпей қабылдайды.

Кредиттік ұйымдардың қарыз алушылардың өтініштерін қарау мерзімі 2 жұмыс күнін құрайды.

Қарыз алушының өтініші еркін нысанда жасалады және кредиттік ұйымға электрондық пошта, «банк-клиент» онлайн-жүйесі, интернет-ресурс, мобильдік қосымша немесе басқа байланыс құралдары арқылы ұсынылады. Кредиттік ұйымда ішкі тәртіппен бекітілген өтініштің үлгі нысаны болуы мүмкін.

Банктік қарыз немесе микрокредит шарты бойынша төлемдерді кейінге қалдыру, егер қарыз алушының өтінішінде берешекті өтеудің басқа әдісі көрсетілмесе, қарыз алушының бұрын мерзімі кешіктірілген төлемдерін қарыз мерзімі аяқталғанға дейін тепе-тең бөлу түрінде жаңа төлем кестесін жасау арқылы қамтамасыз етіледі.

Кейінге қалдыруды ұсыну тәртібі мынадай салаларда қызметін жүзеге асыратын ШОБ субъектілеріне қолданылады:

- 1) жабық жұмыс (азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын нарықтардағы);
- 2) қалааралық автобустардың (микроавтобустардың), қала маңындағы жолаушылар поездарының (жұмыс поездарын қоспағанда, электричкалардың) қозғалысы, жалпы вагондарды қалыптастыру;
- 3) автобус станциялары (автовокзалдар);
- 4) ойын-сауық мекемелерінің, кинотеатрлардың, фудкорттардың, банкет залдарының;
- 5) мейрамханалардың, барлардың, түнгі және оны клубтарының жұмысы;
- 6) тұруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер;

- 7) денсаулық сақтау саласындағы қызмет;
- 8) туристік агенттіктер мен операторлардың қызметі;
- 9) ғимараттарға қызмет көрсету және аумақтарды абаттандыру бойынша қызмет;
- 10) сыйақыға немесе шарттық негізде жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар;
- 11) мәдениет объектілерінің, мұражайлардың жұмысы, конференциялар, көрмелер, форумдар өткізу;
- 12) мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысы (жеке меншік, мемлекеттік тапсырыссыз);
- 13) жеке меншік орта білім беру ұйымдарының жұмысы;
- 14) көпшілік іс-шаралар (ойын-сауық, спорттық, отбасылық, естелік және басқа көпшілік іс-шаралар, оның ішінде үйде);
- 15) спорт залдарының, фитнес-орталықтардың, бассейндердің, жағажайлардың, аквапарктардың жұмысы;
- 16) діни объектілердің жұмысы;
- 17) космологиялық қызмет көрсететін орталықтар мен салондардың жұмысы;
- 18) коммерциялық қызметті қолдауға бағытталған офистік әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет.

Экономиканың басқа салалары бойынша ШОК субъектісі ағымдағы жылғы 15 қыркүйекке дейін қаржылық жай-күйінің нашарлауын растайтын құжаттарды қоса берумен кредиттік ұйымға өтініш бере алады. ШОК-тің бұл санаты үшін өтініштерді қарау мерзімі 10 жұмыс күніне дейін қысқартылған. Кредиттік ұйым жеке тәртіппен бағалауды жүзеге асырады және қаржылық жай-күйі нашарлаған кезде кемінде 90 күннен аспайтын мерзімге кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыруды ұсынады.

Агенттіктің 2020 жылғы 3 тамыздағы №311 бұйрығының толық нұсқасымен мына сілтеме арқылы кіре отырып алуға болады: <https://finreg.kz/cont/%D0%B8%D0%B7%D0%BC%D0%B5%D0%BD%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%20%D0%B2%20%D0%BF%D1%80%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%B7%20251%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7.pdf>

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мына жедел желі телефоны арқылы хабарласыңыз: +7 (727) 2788 144 және +7 (727) 2788 122 (жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін) e-mail: Info@finreg.kz, TAL@finreg.kz, www.finreg.kz

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі



БАСПАСӨЗ-2020



ГАЗЕТИНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА!

Индекс	Жазылу бағасы	Жазылу бағасы		Индекс	Жазылу бағасы	Жазылу бағасы	
		қала	аудан/ауыл			қала	аудан/ауыл
Жеке жазылушылар үшін	1 айға	586,25	640,00	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	1 айға	846,25	900,00
	3 айға	1 758,75	1 920,00		3 айға	2 538,75	2 700,00
	6 айға	3 517,50	3 840,00		6 айға	5 077,50	5 400,00
	12 айға	7 035,00	7 680,00		12 айға	10 155,00	10 800,00

*ГАЗЕТИМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ, СОНДАЙ-АҚ, «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТИ РЕДАКЦИЯСЫНА (Достық көшесі 13, «Нұрсая-2» ТК) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНДАРЫ ҚАЗПОШТА: 8 (7172) 58-02-96 (4175) РЕДАКЦИЯ: 8 (7172) 70-33-06, 70-33-05 www.astana-akshamy.kz

НҮР-СҮЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 30.07.2020 №01-1495

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің 2020 жылғы «3» тамыз №01-19 шешіміне 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру және сайлаушылармен кездесулер өткізу орындарын белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 28-бабына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру орындары 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарға сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін орын-жайлар шарттық негізде 2-қосымшаға сәйкес берілсін.

3. Мыналардың: 1) «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін орын-жайлар беру туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 06-1499 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 841 болып тіркелген, 2014 жылғы 11 қыркүйекте «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған);

2) «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін орын-жайлар беру туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 06-1499 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің

2017 жылғы 2 маусымдағы № 104-1155 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1107 болып тіркелген, 2017 жылғы 10 маусымда «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. «Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
2) осы қаулының көшірмесін мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;
3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Мәкенге жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім А. Көлгінов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «30» шілде №01-1495 қаулысына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіттеу баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар

Table with 2 columns: P/c №, Орналастыру орны. Rows include locations like 'Нұр-Сұлтан қаласы «Алматы» ауданы бойынша' and 'Қажымұқан және А. Петров көшелерінің қиылысы'.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «30» шілде №01-1495 қаулысына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін берілетін орын-жайлар

Table with 2 columns: P/c №, Орын-жайдың орналасқан жері. Rows include 'Нұр-Сұлтан қаласы «Алматы» ауданы бойынша' and 'Қ. Сәтбаев көшесі, № 2, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, акт залы'.

НҮР-СҮЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 03.08.2020 №01-19

«Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары туралы» Астана қаласы әкімінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 01-21 шешіміне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласын Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы деп қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 23 наурыздағы № 6 Жарлығына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімі ШЕШТІ:

1. «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары туралы» Астана қаласы әкімінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 01-21 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1193 болып тіркелген, 2018 жылғы 24 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін: Жоғарыда көрсетілген қаулыға 1, 2, 3, 4-қосымшалар осы қаулыға 1, 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуін;
3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
4) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Мәкенге жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім А. Көлгінов

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті Нормативтік құқықтық акті 04.08.2020 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 2-1-1281 болып енгізілді

Нұр-Сұлтан қаласы «Алматы» ауданы сайлау учаскелерінің шекаралары

№ 1 сайлау учаскесі (орталығы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көшесі, № 13) Абылай хан даңғылы, № 2, 2а, 4/2, 4/4, 6/1, 6/2, 6/3, 6/4, 6/5, 12/2, 14/1, 14/2/4/2 үйлер, Қажымұқан көшесі, № 15 үй.

№ 2 сайлау учаскесі (орталығы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Студенттер үйі, М. Жұмабаев даңғылы, № 14) М. Жұмабаев даңғылы, №11, 12, 12а, 12/1, 14, 16, 16/1, 16/2, 16/3, 18 үйлер, Ж. Жирентаев көшесі, № 10 үй, А. Петров көшесі, № 26, 26/1, 28/1, 32/1, 32/2 үйлер.

№ 3 сайлау учаскесі (орталығы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Студенттер үйі, М. Жұмабаев даңғылы, № 14/1) Абылай хан даңғылы, № 16/1, 18, 20, 20а, 20б, 20д, 23, 24, 25, 25/1, 26, 26/1 үйлер, М. Жұмабаев даңғылы, № 2, 6, 14/1 үйлер.

№ 4 сайлау учаскесі (орталығы – Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі, Б. Майлин көшесі, № 12) Б. Майлин көшесінен М. Жұмабаев даңғылының тақ сандар жағынан Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы даңғылының тақ сандар жағынан К. Сәтбаев көшесіне дейін, К. Сәтбаев көшесінің жұп сандар жағынан Б. Майлин көшесіне дейін, Б. Майлин көшесінің жұп сандар жағынан М. Жұмабаев даңғылына дейін.

№ 5 сайлау учаскесі (орталығы – Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі, Б. Майлин көшесі, № 12) Б. Майлин көшесінен К. Сәтбаев көшесінің тақ сандар жағынан Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Майлин көшесі бойынша № 14 үйді, К. Сәтбаев көшесі бойынша № 19, 19/1, 21, 23, 23/1, 23/2, 25, 29/1 үйлерді, Б. Момышұлы даңғылы бойынша № 17, 17/2, 19, 19/1, 19/2 үйлерді қоса алғанда;

№ 6 сайлау учаскесі (орталығы – Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі, Б. Майлин көшесі, № 12) Тәуелсіздік даңғылынан Б. Майлин көшесінің жұп сандар жағынан көшесінен К. Сәтбаев көшесіне дейін, К. Сәтбаев көшесінің тақ сандар жағынан Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы даңғылының тақ сандар жағынан Тәуелсіздік даңғылына дейін, Б. Майлин көшесі бойынша, № 14 үйді қоспағанда, Тәуелсіздік даңғылының жұп сандар жағынан Б. Майлин көшесіне дейін, К. Сәтбаев көшесі бойынша, № 19, 19/1, 21, 23, 23/1, 23/2, 25, 29/1 үйлер, Б. Момышұлы даңғылы бойынша, № 17, 17/2, 19, 19/1, 19/2 үйлер.

№ 7 сайлау учаскесі (орталығы – № 28 мектеп-лицей, А. Петров көшесі, № 8) Қажымұқан көшесі, № 2, 4 үйлер, Тәуелсіздік даңғылы 4/1, 4/3, 6/1, 6/2, 6/3, 8, 12, 12/1, 12/2, 14, 14/1, 14/2 үйлер, А. Петров көшесі, № 2, 2\1, 4, 10, 10\1.

№ 8 сайлау учаскесі (орталығы – № 28 мектеп-лицей, А. Петров көшесі, № 8) А. Петров көшесі, № 5, 5/2, 7, 7/1, 9, 12, 12/1, 12/3, 14, 14/1, 14/2, 14/3, 16, 16/2, 16/3 үйлер, күйші Дина көшесі, № 7 үй.

№ 9 сайлау учаскесі (орталығы – АБЖСМ № 10, Қажымұқан көшесі № 9, Қажымұқан көшесі, № 7) Қажымұқан көшесі, № 6, 6/1, 8, 8/1, 10/1, 12, 12а, 12б, 12в үйлер, К. Сәтбаев көшесі, № 1, 1/1, 4, 4/1, 6 үйлер, А. Петров көшесі, № 1, 1/1, 3 үйлер.

№ 10 сайлау учаскесі (орталығы – № 30 мектеп-гимназия, А. Петров көшесі, № 11) К. Сәтбаев көшесі, № 3, 3/1, 5, 7, 7/1, 8, 9, 10 үйлер, А. Петров көшесі, № 5/3, 17, 17/1, 19, 19/1, 21/2, 21/3 үйлер.

№ 11 сайлау учаскесі (орталығы – № 30 мектеп-гимназия, А. Петров көшесі, № 11) К. Сәтбаев көшесі, № 9/1, 11, 11/1, 11/2, 11/3, 11/4, 11/5, 13, 13/3, 15 үйлер, А. Петров көшесі, № 9/1, 13, 16/1, 18/1, 20, үйлер, күйші Дина көшесі № 11/1, 13, 15 үйлер.

№ 12 сайлау учаскесі (орталығы – № 22 мектеп-гимназия, Ж. Жирентаев көшесі, № 16) Қажымұқан көшесі, № 22/1, 26, 28 үйлер, Ж. Жирентаев көшесі, № 9, 13, 14, 20, 20/1 үйлер, М. Жұмабаев даңғылы, № 1, 3, 3/1, 5, үйлер, А. Петров көшесі, № 23/2 үй.

№ 13 сайлау учаскесі (орталығы – № 22 мектеп-гимназия, Ж. Жирентаев көшесі, № 16) М. Жұмабаев даңғылы, № 5/1, 5/2, 7, 7/1, 9, 9/1, 9/2 үйлер, А. Петров көшесі, № 23, 23/1, 30/1, 31/1, 32 үйлер.

№ 14 сайлау учаскесі (орталығы – Еуразия гуманитарлық институты, М. Жұмабаев даңғылы, № 4а) Абылай хан даңғылы, № 28, 29/1, 30, 32/1, 32/2, 36, 36а, 38 үйлер, күйші Дина көшесі, № 31, 33 үйлер, М. Жұмабаев даңғылы № 16/4, 18/1 үйлер, М. Төлебаев көшесі, № 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 19, VIP-қалашық, № 1, 2, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 24, 28, 36, 37 үйлер.

№ 15 сайлау учаскесі (орталығы – Гуманитарлық колледжі, І. Жансүгірұлы көшесі, № 4) Абылай хан даңғылы, № 11/3, 11/4 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 2, 2а, 2/1, 2/2, 2/4, 2/6, 2/7, 4, 4/3, 4/4 үйлер.

№ 16 сайлау учаскесі (орталығы – Гуманитарлық колледжі, І. Жансүгірұлы көшесі, № 4) Абылай хан даңғылы, № 3, 3/1, 4, 5а, 5/1, 5/2, 5/3, 6, 9, 9/1, 9/2, 10, 11, 11/1, 11/2, 12, 12/1, 14 үйлер.

№ 17 сайлау учаскесі (орталығы – № 32 мектеп-гимназия, Абылай хан даңғылы, № 25/3) Абылай хан даңғылы, № 17, 17а, 17б, 17/1, 19, 19/1, 19/2, 19/3, 19/4, 21 үйлер, І. Жансүгірұлы көшесі, № 4/1, 4/2, 4/3, 4/4, 6/1, 6/2, 8/3, 10, 10/1, 10/2 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 8, 10, 12, 14, 16, 18 үйлер.

№ 18 сайлау учаскесі (орталығы – № 32 мектеп-гимназия, Абылай хан даңғылы, № 25/3) Абылай хан даңғылы, № 25/2, 27/1 үйлер, Манас көшесі, № 11/2, 11/3, 13, 13/1, 13/2, 19, 21, 23/1 23/4, 23/5 23/7 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 3, 5, 20, 22, 24, 24/1 үйлер.

№ 19 сайлау учаскесі (орталығы – № 19 мектеп атындағы № 37 орта мектеп, күйші Дина көшесі, № 44/3) Манас көшесі, № 20, 20/1, 20/2, 22/1, 22/2 үйлер, Қ. Рысқұлбеков көшесі, № 31/1 үй, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 17/6 үй.

№ 20 сайлау учаскесі (орталығы – С. Мәуленов атындағы № 37 орта мектеп, күйші Дина көшесі, № 44/3) Қ. Рысқұлбеков көшесі, № 11\2, 11/3, 17, 19 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 30, 30\1, 32, 36\2, 36\3 үйлер, күйші Дина көшесі, № 46\3 үй.

№ 21 сайлау учаскесі (орталығы – С. Мәуленов атындағы № 37 орта мектеп, күйші Дина көшесі, № 44/3) Абылай хан даңғылы, № 33, 35, 37, 37/1, 39, 41, 41/1, 41/2, 43, 43/1 үйлер, күйші Дина көшесі, № 36, 36/1, 36/2, 36/3, 38, 40, 40/1, 42, 42/1, 44, 44/1, 44/2 үйлер.

№ 22 сайлау учаскесі (орталығы – № 38 мектеп-лицей, Ф. Мүсірепов көшесі, № 8/2) Абылай хан даңғылы, № 47, 49, 49/1, 49/2, 51 үйлер, Ф. Мүсірепов көшесі, № 1, 5, 5/1, 5/2, 7, 7/1 үйлер, Қ. Рысқұлбеков көшесі, № 2/1, 2/2, 4/2, 4/3, 4/4 үйлер.

№ 23 сайлау учаскесі (орталығы – № 38 мектеп-лицей, Ф. Мүсірепов көшесі, № 8/2) Ф. Мүсірепов көшесі, № 2, 2/1, 2/2, 4, 6, 6/1, 6/2, 7/3, 9, 10, 10/2, 10/3, 12, 14, 14/1 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 40, 42, 44, 46 үйлер, Абылай хан даңғылы, № 55/1 үй.

№ 24 сайлау учаскесі (орталығы – № 38 мектеп-лицей, Ф. Мүсірепов көшесі, № 8/2) Абылай хан даңғылы, № 55, 57, 57/1, 57/2, 59, 59/1 үйлер, Ф. Мұстафин көшесі, № 1, 1/1, 1/2, 1/3, 3, 3/1, 3/2, 3/3, 5, 5/1, 7, 7/1, 9 үйлер, Ф. Мүсірепов көшесі, № 4/2, 6/3, 6/4 үйлер.

№ 25 сайлау учаскесі (орталығы – Б. Майлин атындағы № 52 мектеп-гимназия, Бурабай көшесі, № 38) Ф. Мұстафин көшесінен Ш. Құдайбердіұлы даңғылының тақ сандар жағынан Ертіс көшесіне дейін, Ертіс көшесінің тақ сандар жағынан темір жол төсеміне дейін, темір жол төсемі бойынша Ф. Мұстафин көшесіне дейін, Ф. Мұстафин көшесінің жұп сандар жағынан Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін.

№ 26 сайлау учаскесі (орталығы – № 29 орта-мектеп, Железнодорожный тұрғын алабы, М. Горький көшесі, № 22) Нұр-Сұлтан – Қарағанды тас жолынан бастап В. Маяковский көшесі бойынша А-377 көшесіне дейін, А-377 көшесі бойынша А-336 көшесіне дейін, А-366 көшесі бойынша Әл-Фараби көшесіне дейін, Әл-Фараби көшесі бойынша А-337 көшесіне дейін, А-337 көшесі бойынша Железнодорожный тұрғын алабының солтүстік шекарасының бойынан айналма тас жолға дейін, № 101 развезді қоса алғанда айналма тас жол бойынша Нұр-Сұлтан - Қарағанды тас жолына дейін.

№ 27 сайлау учаскесі (орталығы – Техникалық колледжі, Ж. Жабаев көшесі, № 14) Нұр-Сұлтан - Қарағанды тас жолынан бастап В. Маяковский көшесінен А-377 көшесіне дейін, А-377 көшесі бойынша А-336 көшесіне дейін, А-366 көшесі бойынша Әл-Фараби көшесіне дейін, Әл-Фараби көшесі бойынша А-337 көшесіне дейін, Железнодорожный тұрғын алабының солтүстік шекарасы бойынша Қобда тұйық көшесіне дейін, № 68665 әскери бөлімді қоса алғанда Қобда тұйық көшесінің жұп сандар жағынан Нұр-Сұлтан – Қарағанды тас жолына дейін.

№ 28 сайлау учаскесі (орталығы – № 13 орта мектеп, Промышленный тұрғын алабы, Шалкөде көшесі, № 5) Қордай көшесінен Айнакөл көшесінің жұп сандар жағынан М. Төлебаев көшесіне дейін, М. Төлебаев көшесінің жұп сандар жағынан Көкжелек көшесіне дейін, Көкжелек көшесінің жұп сандар жағынан Өзбекәлі Жәнібек көшесіне дейін, Өзбекәлі Жәнібек көшесінің жұп сандар жағынан Н. Ахметбеков көшесіне дейін, Н. Ахметбеков көшесінің тақ сандар жағынан Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің жұп сандар жағынан Айнакөл көшесіне дейін.

№ 29 сайлау учаскесі (орталығы – Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектеп, Промышленный тұрғын алабы, Шарбақты көшесі, № 46) Қордай көшесінен Н. Ахметбеков көшесінің жұп сандар жағынан Өзбекәлі Жәнібек көшесіне дейін, Өзбекәлі Жәнібек көшесінің жұп сандар жағынан Б. Серікбаев көшесіне дейін, Б. Серікбаев көшесінің жұп сандар жағынан Құлагер көшесіне дейін, Құлагер көшесі бойынша Шарбақты көшесіне дейін, Шарбақты көшесінің жұп сандар жағынан Қордай көшесіне дейін.

№ 30 сайлау учаскесі (орталығы – Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебі, Промышленный тұрғын алабы, Шарбақты көшесі, № 46) А. Байтұрсынов көшесінен Құлагер көшесі бойынша Б. Серікбаев көшесіне дейін, Б. Серікбаев көшесінің тақ сандар жағынан Бәйшешек көшесіне дейін, Бәйшешек көшесінің жұп сандар жағынан Шалкөде көшесіне дейін, Шалкөде көшесінің жұп сандар жағынан Көкжелек көшесіне дейін, Көкжелек көшесінің тақ



@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

сандар жағынан М. Төлебаев көшесіне дейін, М. Төлебаев көшесінің тақ сандар жағынан Қобда көшесіне дейін, Қобда көшесінің жұп сандар жағынан Абылай хан даңғылына дейін, Абылай хан даңғылының жұп сандар жағынан А-431 көшеге дейін, А-431 көшеден А. Байтұрсынның көшесіне дейін, А. Байтұрсынның көшесінің тақ сандар жағынан Құлагер көшесіне дейін.

№ 31 сайлау учаскесі

(орталығы – № 43 орта мектеп, Мичурино тұрғын алабы, Алакөл көшесі, № 18)
Мичурино тұрғын алабы шекарасындағы үйлер.

№ 32 сайлау учаскесі

(орталығы – № 44 орта мектеп, Интернациональнй тұрғын алабы, Нұрлыжол көшесі, № 8)
Х. Болғанбаев көшесінен Нұр-Сұлтан-Қарағанды тас жолы бойынша Армандастар көшесіне дейін, Армандастар көшесінің жұп сандар жағынан Мереке көшесіне дейін, Мереке көшесінің тақ сандар жағынан Көлсай көшесіне дейін, Көлсай көшесінің жұп сандар жағынан Есіл өзенінің жағалауына дейін, Есіл өзені жағалауынан Х. Болғанбаев көшесіне дейін, Интернациональнй тұрғын алабының бау-бақша қоғамдарын қоса алғанда, Х. Болғанбаев көшесі бойынша Нұр-Сұлтан-Қарағанды тас жолына дейін.

№ 33 сайлау учаскесі

(орталығы – № 42 орта мектеп, Күйгенжар тұрғын алабы, Жаңатұрмыс көшесі, № 6/2)
Күйгенжар тұрғын алабындағы үйлер.

№ 34 сайлау учаскесі

(орталығы – Райымбек Батыр атындағы № 50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі, күйші Дина көшесі, № 6)
Тәуелсіздік даңғылы, № 16, 21, 21/4, 21/5, 21/6, 21/9, үйлер, күйші Дина көшесі, № 1, 1/1, 3/1, 4, 4а, 5, 5/1, үйлер.

№ 35 сайлау учаскесі

(орталығы – Райымбек батыр атындағы № 50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі, күйші Дина көшесі, № 6) күйші Дина көшесі, № 8, 8/1, 8/2, 11, 12, 12/1, 12/2, 13, 15 үйлер, Б. Майлин көшесі, № 7, 7/1, 7/2, 9, 11/1, 13, 14 үйлер, Қ. Сәтбаев көшесі, № 15, 17, 17/1, 17/2 үйлер.

№ 36 сайлау учаскесі

(орталығы – А. Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицейі, Ж. Жирентаев көшесі, № 15/2)
Қажымұқан көшесі, № 14, 14/1, 16, 18, 18/2, 20, 22 үйлер, Ж. Жирентаев көшесі, № 13/1, 15/1, 19, 21, 22 үйлер, Қ. Сәтбаев көшесі, № 4/2, 6/1 үйлер.

№ 37 сайлау учаскесі

(орталығы – А. Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицейі, Ж. Жирентаев көшесі, № 15/2)
Ж. Жирентаев көшесі, № 4, 4/1, 6/1 үйлер, күйші Дина көшесі, № 23, 23/1, 23/2, 25, 25/1, 25/2 үйлер.

№ 38 сайлау учаскесі

(орталығы – Жоғары медициналық колледжі, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 16)
Абылай хан даңғылы, № 25/2, 27/2, 27/3, 29/1, 29/2 үйлер, Манас көшесі, № 3, 3/1, 5, 6, 6/1, 7, 8, 9, 11/1 үйлер, күйші Дина көшесі, № 35, 37, 39, 39/1, 41, 46, 46/1, 46/2 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 28 үй.

№ 39 сайлау учаскесі

(орталығы – № 51 мектеп-гимназия, Қараөткел тұрғын алабы, Аманат көшесі, № 5)
Айнакөл көшесінен М. Төлебаев көшесінің жұп сандар жағынан Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы даңғылының жұп сандар жағынан Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің жұп сандар жағынан Обаған көшесіне дейін, Обаған көшесінің жұп сандар жағынан М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылының жұп сандар жағынан Айнакөл көшесіне дейін, Айнакөл көшесінің тақ сандар жағынан М. Төлебаев көшесіне дейін.

№ 40 сайлау учаскесі

(орталығы – № 51 мектеп-гимназия, Қараөткел тұрғын алабы, Аманат көшесі, № 5)
Обаған көшесінен М. Жұмабаев даңғылының жұп сандар жағынан күйші Дина көшесіне дейін, күйші Дина көшесінің жұп сандар жағынан М. Төлебаев көшесіне дейін, күйші Дина көшесі бойынша № 28, 28/1, 30, 30/1 үйлерін қоса алғанда және Б. Майлин көшесі бойынша № 31 үй, М. Төлебаев көшесінің жұп сандар жағынан Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің тақ сандар жағынан Обаған көшесіне дейін, Обаған көшесінің жұп сандар жағынан М. Жұмабаев көшесіне дейін.

№ 41 сайлау учаскесі

(орталығы – № 51 мектеп-гимназия, Қараөткел тұрғын алабы, Аманат көшесі, № 5)
Қ. Сәтбаев көшесінен күйші Дина көшесінің жұп сандар жағынан М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылының тақ сандар жағынан Б. Майлин көшесіне дейін, Б. Майлин көшесінің тақ сандар жағынан К. Сәтбаев көшесіне дейін, күйші Дина көшесі бойынша, № 28, 28/1 және Б. Майлин көшесі бойынша, № 31 үйлерді қоспағанда, Қ. Сәтбаев көшесінің жұп сандар жағынан күйші Дина көшесіне дейін.

№ 42 сайлау учаскесі

(орталығы – № 53 мектеп-лицей, Қарқабат көшесі, № 17)
Б. Момышұлы даңғылынан Аманат көшесінің жұп сандар жағынан Талғар көшесіне дейін, Талғар көшесінің тақ сандар жағынан Көкпар түйік көшесіне дейін, Көкпар түйік көшесінен тақ сандар жағынан Обаған көшесіне дейін, Обаған көшесінің тақ сандар жағынан К. Сәтбаев көшесіне дейін, К. Сәтбаев көшесінің жұп сандар жағынан Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы даңғылының жұп сандар жағынан Аманат көшесіне дейін.

№ 43 сайлау учаскесі

(орталығы – № 53 мектеп-лицей, Қарқабат көшесі, № 17)
Б. Момышұлы даңғылынан М. Жұмабаев даңғылының тақ сандар жағынан Обаған көшесіне дейін, Обаған көшесінің тақ сандар жағынан Көкпар түйік көшесіне дейін, Көкпар түйік көшесінің тақ сандар жағынан Талғар көшесіне дейін, Талғар көшесінің тақ сандар жағынан Аманат көшесіне дейін, Аманат көшесінің тақ сандар жағынан Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы даңғылының жұп сандар жағынан М. Жұмабаев даңғылына дейін.

№ 44 сайлау учаскесі

(орталығы – № 53 мектеп-лицей, Қарқабат көшесі, № 17)
Тәуелсіздік даңғылынан Б. Момышұлы көшесінің жұп сандар жағынан Қ. Сәтбаев көшесіне дейін, Қ. Сәтбаев көшесінің тақ сандар жағынан Қарқабат көшесіне дейін, Қарқабат көшесінің тақ сандар жағынан Тәуелсіздік даңғылына дейін, Тәуелсіздік даңғылының жұп сандар жағынан Б. Момышұлы даңғылына дейін.

№ 45 сайлау учаскесі

(орталығы – № 64 мектеп-лицей, Ф. Мүсірепов көшесі, № 15)
Ф. Мұстафин көшесі, № 21/5, 21/6, 21/7 үйлер, Қ. Рысқұлбеков көшесі, № 16/1, 16/2 үйлер.

№ 46 сайлау учаскесі

(орталығы – № 64 мектеп-лицей, Ф. Мүсірепов көшесі, № 15)
Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 25/1, 25/2, 29/1 үйлер.

№ 47 сайлау учаскесі

(орталығы – № 64 мектеп-лицей, Ф. Мүсірепов көшесі, № 15)
Қ. Рысқұлбеков көшесі, № 16, 16а, 16/3 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 23 үй.

№ 48 сайлау учаскесі

(орталығы – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 25/3)
Қ. Рысқұлбеков көшесі, № 2, 4, 4/1, 5, 6, 7, 7/1, 8, 8/1, 8/2, 8/3, 9, 11, 11/1, 11/4, 13, 15 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 38 үй, Ф. Мүсірепов көшесі, № 7/2 үй.

№ 49 сайлау учаскесі

(орталығы – № 63 мектеп-гимназия, Лепсі көшесі, № 38)

Ертіс көшесінен Ш. Құдайбердіұлы даңғылының жұп сандар жағынан Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының жұп сандар жағынан Қобыланды батыр көшесіне дейін, Қобыланды батыр көшесінің жұп сандар жағынан Қобда түйік көшесіне дейін, Қобда түйік көшесі тақ сандар жағынан М. Төлебаев көшесіне дейін, М.Төлебаев көшесінің тақ сандар жағынан Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы жұп сандар жағынан Абылай хан даңғылына дейін, Абылайхан даңғылының жұп сандар жағынан Ертіс көшесіне дейін, Ертіс көшесінің жұп сандар жағынан Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін.

№ 50 сайлау учаскесі

(орталығы – № 63 мектеп-гимназия, Лепсі көшесі, № 38)
Қобыланды батыр көшесінен Р. Қошқарбаев даңғылының жұп сандар жағынан Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін, Ш. Құдайбердіұлы даңғылының тақ сандар жағынан Ертіс көшесіне дейін, Ертіс көшесінің жұп сандар жағынан Қобыланды батыр көшесіне дейін, Қобыланды батыр көшесінің жұп сандар жағынан Р. Қошқарбаев даңғылына дейін.

№ 51 сайлау учаскесі

(орталығы – «Нұр Орда» мектеп-лицейі, Қарасаз көшесі, № 34)
Тәуелсіздік даңғылынан Қарқабат көшесінің жұп сандар жағынан Қ. Сәтбаев көшесіне дейін, Қ. Сәтбаев көшесінің тақ сандар жағынан Обаған көшесіне дейін, Обаған көшесінің тақ сандар жағынан М.Жұмабаев даңғылына дейін, М.Жұмабаев даңғылының тақ сандар жағынан Балқантау көшесіне дейін, Балқантау даңғылының тақ сандар жағынан Ақыртас көшесіне дейін, Ақыртас көшесінің тақ сандар жағынан Тәуелсіздік даңғылына дейін, Тәуелсіздік даңғылының жұп сандар жағынан Қарқабат көшесіне дейін.

№ 52 сайлау учаскесі

(№ 72 мектеп-лицей, Ж. Нәжімеденов көшесі, № 10/5)
Р. Қошқарбаев даңғылынан Тәуелсіздік даңғылының тақ сандар жағынан Ж. Нәжімеденов көшесіне дейін, Ж. Нәжімеденов көшесінің тақ сандар жағынан Ш. Қалдаяқов көшесіне дейін, Ш. Қалдаяқов көшесінің тақ сандар жағынан Есіл өзені арнасына дейін, Есіл өзені арнасының жағалауымен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының жұп сандар жағынан Тәуелсіздік даңғылына дейін.

№ 53 сайлау учаскесі

(орталығы – № 70 мектеп-лицей, Майқайың көшесі, № 1)
Тәуелсіздік даңғылынан Б. Момышұлы даңғылының тақ сандар жағынан Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының тақ сандар жағынан Тәуелсіздік даңғылының тақ сандар жағынан Б. Момышұлы даңғылына дейін.

№ 54 сайлау учаскесі

(орталығы – № 83 мектеп-гимназия, А. Байтұрсынұлы көшесі, № 35)
М. Жұмабаев даңғылынан, Р. Қошқарбаев даңғылындағы № 50, 50/1 үйлерді қоса алғанда, К. Әзірбаев көшесінің жұп сандар жағынан А-98 көшесіне дейін, А-98 көшесінің тақ сандар жағынан М. Жұмабаев даңғылына дейін, А-98 көшесінен, № 9, 11, 13 үйлерді қоспағанда, М. Жұмабаев даңғылының тақ сандар жағынан К. Әзірбаев көшесіне дейін.

№ 55 сайлау учаскесі

(орталығы – «Нұр Орда» мектеп-лицейі, Қарасаз көшесі, № 34)
